

**«Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің тұтынушылар
алдында 2018 жылы атқарылған қызметтерге кезекті есеп беру
жиналысының**

Хаттамасы

Жосалы кенті

03 сәуір 2019 жыл

Жиналыс төрағасы: «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын
пайдалану бөлімінің басшысы Е. Ақпаев

Қатысқандар:

1. ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы А.Сансызбаев
2. ҚР ДСМ ҚДСК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК-нің Қызылорда облысы бойынша филиалының Қармақшы аудандық бөлімшесінің басшысы А.Серкешбаев
3. Қармақшы ауданы ардагерлер төрағасы Қ.Есдаулетов
4. Өндірістік бөлім басшысы С.Медеуов
5. Өндірістік бөлім басшысының орынбасары С.Қабақов
6. Өндірістік бөлімше инженер-технологы Н.Мамырбаев
7. Өндірістік бөлімше аға шеберлері Ж.Кирбаев, Б.Абишев
8. «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімше қызметін пайдаланатын тұтынушылар және көше комитеттері.

Жиналыс төрағасы Е.Ақпаев: «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2018 жылы атқарылған қызметтеріне есеп беру жиналысы ашық деп жариялансын. Баяндама жасауға сөз кезегі өндірістік бөлімше басшысы Медеуов Сақтапбергенге беріледі.

Өндірістік бөлімше басшысы С.Медеуов: «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалының «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі 2005 құрылып, қазіргі таңда 96 қызметкер жұмыс жасайды, 11 дана техника, III- Интернационал елді мекенінде 5 ұңғыма, Жосалы кентінде авариялық жағдайға резервті Сарыөзекте 2 ұңғыма, 9 насос станция, 4 елді мекен бойынша 4640 абонент,

45 бюджеттік және 116 шаруашылық қызмет жүргізетін өзге мекемелерге ауыз су тарату қызметін көрсетеді.

III- Интернационал елді мекенінде орналасқан 5 ұңғымадан су өндіріліп, III- Интернационал елді мекенінде 470 абонент, халық саны- 2453 адам, Дүр Онғар елді мекенінде 402 абонент, халық саны – 2200 адам, Иіркөл елді мекенінде 100 абонент халық саны 850 адам, Төребай би елді мекенінде 93 абонент, халық саны – 522 адам және аудан орталығы Жосалы кентінде 3575 абонент, халық саны 17810 адамды тұрақты түрде ауыз сумен қамтамасыз ету қызметін атқарады.

2017 жылы мердігер «РЗА» АҚ Жосалы кентінен 5000 текше метр су қоймасымен насос станцияның құрылыс- монтаж жұмыстарын атқарып, пайдалануға берді. Алдағы жылдары Жосалы кентінде су жинау қоймасының тапшылығы сезіліп, тұрғындарды тұрақты түрде ауыз сумен қамтамасыз етуге кедергі келтіретін, қазіргі таңда бұл мәселе толығымен шешілді деп айта аламыз. Насос станцияның ерекшелігі, жаңа технологиялар енгізіліп, орнатылған насос қондырғылары жиілік түрлендіргіш (частотный преобразователь) арқылы жұмыс атқарады. Ол дегеніміз, су қысымын бірқалыпты жағдайда су жүйесіне беру және электр энергиясын үнемдеуге үлесі зор. Сонымен қатар, Дүр онғар және Иіркөл елді мекендерінің тұрғын үйлеріне су құбырын кіргізу және су өлшеуіш құралдарын орнату, Жосалы кенті тұрғындарын толықтай жүргізіліп ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды.

2018 жылы Жосалы кенті 2015 жылы пайдалануға берілген 4- кезең жобасының Мөлтек1, Мөлтек2 ықшам аудандарының 29 шақырым су жүйесі бойында көптеген ақаулар орын алған. Анықталған ақаулармен кемшіліктерді қалыпқа келтіру мақсатында Аудан әкімдігімен бірлесе күрделі жұмыстар атқару нәтижесінде, 2 тамыздан бастап осы екі ықшам ауданының тұрғындарына тұрақты түрде ауыз су берілуде. 2018 жылдың желтоқсан айында осы екі ықшам ауданның су жүйесі «Арал» СЖКБД филиалының теңгеріміне өтті.

Сонымен қатар, Қармақшы аудандық ауруханасына 24 сағат су беру мақсатында №4 насос станциясындағы су мұнарасы арқылы қамтамасыз ету жөнінде шешім қабылданып, аурухананың ауыз су мәселесі толығымен шешілді.

2018 жылы күрделі жұмыстар бойынша Жосалы кенті №4 насос станция – Жағалау көшесі (Бойня) аралығына д-110 мм полиэтилен су құбырынан ұзындығы 1300 метр құрайтын су құбыры жүргізіліп жоспардан тыс үй-үйге кіргізу жұмыстар атқарылды. Тоғанас батыр көшесіндегі д-159мм шойын су құбыры заман талабына сай полиэтилен су құбырына ауыстырылды.

2019 жылға «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі бойынша Жосалы кенті Ораз ахун көшесі ұзындығы д-159мм 1000 метр, Тоқтаров көшесі ұзындығы д-159мм 1000 метр, Қайнарбаев көшесі ұзындығы д-219мм 400метр және Шығыс көшесі ұзындығы д-159мм 300метр шойын су құбырын

заман талабына сай полиэтилен су құбырына күрделі жөндеу жұмыстары арқылы ауыстыру жоспарлануда.

2018 жылы «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшеге қарасты елді мекендермен Жосалы кенті тұрғындарының пайдаланудағы ауыз су сапасын «Ұлттық сараптама орталығы» Қармақшы аудандық бөлімшесімен жүйелі түрде сараптамаға су үлгілері алынып, өндірістік бақылау жүргізілді.

2018 жылы «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесіне қарасты II- су көтеру насос станциясымен №4А насос станцияларда «Елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету» тақырыбында Республикалық семинар өткізілді.

Өндірістік бөлімшеге қарасты барлық насос станциялармен өндірістік база ауласын көркейту- көгалдандыру жұмыстары күн тәртібінен түскен емес. Тал, гүл және жоңышқа егу жұмыстары жылдан жылға атқарылып келеді.

Қармақшы ауданы әкімінің бастамасымен «Арал» СЖКБД филиалымен бірлесіп «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің су жүйесін «Автоматты түрде су жүйесін басқару» жобасы әзірленуде. Бұл дегеніміз, жер астынан өндірілген судан бастап тұтынушыға дейін жеткізілетін суды диспетчерлік пульт арқылы барлық жұмыс процессін бақылап, тұрғындарды тұрақты түрде ауыз сумен қамтамасыз ету болып табылады.

Судыңда сұрауы бар дегендей. 2017-2018 жылдары ауыз суға байланысты 1 млрд. теңге қаражатқа ауқымды жұмыстар халық игілігіне атқарылды. 1 текше метр судың құны 30 теңгені құрайды. Суды ысырап қылмай тек қажетімізге пайдалануға шақырамыз.

Жосалы кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Ж.Жәкеев: Осы жиналысқа қатысып отырған ұлттық сараптама орталығының бөлім басшысы А.Серкешбаев мырза сіз осы пайдаланып отырған ауыз судың сапасы жөнінде айта кетсеңіз.

ҚР ДСМ ҚДСК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК-нің Қызылорда облысы бойынша филиалының Қармақшы аудандық бөлімшесінің басшысы А.Серкешбаев: Негізінде өндірістік бөлімшеде өздерінің ауыз су сапасын тексеріп отыратын зертхана болуы керек, алайда зертхана болмауына байланысты «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы «Ұлттық сараптама орталығы» мен келісім шартқа отырып ақылы негізде біздер осы «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің таратып отырған ауыз судан сынамасын алып ай сайын тексеріп отырамыз. Су сынамасының қорытындысы нормаға сай келеді, ол дегеніміз пайдалануға жарамды. Егерде су сынамасынан бактериялар мен микробтар шыққан жағдайда, қай жерден шыққан екендігін дер кезінде ескертеміз. Сондай-ақ, өндірістік бөлімше сол бактериялар мен микробтар шыққан жерге жуу- шаю залалсыздандыру жұмыстарын жүргізеді.

Жосалы кенті тұрғыны Б.Жалғасбаев: Бұрынғы уақытта көше колонкаларынан су алып сол жерден су таситын едік, сол көше колонкаларын неге алып тастағансыздар? Сол көше колонкаларын қайта орнатсаңыздар.

Өндірістік бөлімше басшысы С.Медеуов: Өйткені ол колонканы ашып кетеді және ит, құс мал сол жерден су ішіп антисанитариялық жағдай орын алады. Қазіргі таңда барлық тұтынушылардың үйлеріне су жүйесі кіргізілген, сол себепті қазіргі таңда көше колонкалары пайдалануының қажеті жоқ.

Жосалы кент тұрғыны П.Өтепова: Сіздерге айтар алғысым бар. Наурыз айының 23-і күні томанов көшесімен өтіп бара жатқанымда көше ортасында екі-үш машина қасында топырлаған адамдар тұр. Қастарына жақындап қарағанымда көше көру құдығының бетіндегі люктін бетін сындырып ішінен су алып машиналарын жуып жатыр екен. Сол уақытта бөлімше басшысының орынбасарына хабарласып осы мән-жайды айтқан болатынмын. Сол күні бөлімше қызметкерлері келіп құдық бетін дәпкерлеп бекітіп кеткен. Дер кезінде хабарламаға мән беріп, жұмыс атқарып отырған Сіздің бөлімше қызметкерлеріне алғысым зор.

Қармақшы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Есдаулетов: Өндірістік бөлімше қызметкерлеріне және Медеуов мырза сізге ризашылығымызды білдіреміз. Сіздердің атқарып жүрген қызметтеріңіз зор, ауыз су қазіргі таңда жеткілікті, жарықсыз өмір сүруге болады ал сусыз өмір жоқ екендігін біле отырып сол суды ысырапсыз пайдалануға барлықтарыңызды шақырамын. Сіздердің жұмыстарыңызға сәттілік тілей отырып оң бағасын беремін және осы айтылған сөзіме осында отырғандардың барлығы бірдей қосылады деген ойдамын. Деп залда отырғандардың барлығы бірдей қолдап қошеметтеді.

Жиналыс төрағасы Е. Ақпаев: «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі басшысының 2018 жылы атқарған жұмыстарының есебі тыңдалды, жиналысқа жиналған қауым атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берді. Жиналыс осымен жабық деп жариялансын.

Жиналыс төрағасы :

Е. Ақпаев

Хатшы:

С. Қазбек

ХАТТАМА

Қармақшы ауданы

3 сәуір 2019 жыл

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2018 жылдың нәтижесі бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы : Е. Ақпаев – «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Қ. Төлепов – «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің басшысы.
 2. А.Сансызбаев - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
 3. Ш. Сыдықов – Жосалы кентінің әкімі
 4. А. Әбдиева - «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
 5. А.Пірманова - «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер - экономисті.
 6. Қ. Байменов - «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің аға шебері
 7. Ғ.Жарасов - «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің меңгерушісі
 8. Н.Төлегенов - «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер-технологы
 - 9.Хатшы - Ғ. Есжанова - «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.
- Тұрғындар: Көмекбаев ауылының тұрғыны Б. Алмаханов, Ақтөбе ауылының тұрғыны А. Ахметов, Қ. Базарбаева, Ақжар ауылының тұрғыны Р. Асқарова және тағы басқалар.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесі 2018 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша

тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы – Қ. Төлепов – бөлімше басшысы)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Е.Ақпаев тыңдауды ашты.

Қ. Төлепов күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2018 жылда атқарылған жұмыстар бойынша баяндама жасады.

Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінен өндірілген ауыз су көлемі 218 037,71 м³, тұтынушыларға таратылған ауыз су көлемі 187 180,32 м³. Ысырап 30 857,32 м³, жалпы 14,2% құрап отыр.

Өндірістік бөлімшеге қарасты ауыз су тұтынушылар 46 заңды тұлға, 1606 жеке тұлға бар. Тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша көрсетілген қызметтен түскен қаражат, оның ішінде: жеке тұлғадан 5 327 850 теңге, заңды тұлғалардан 4 116 360 теңге. Барлығы: 9 444 210 теңге құрап отыр.

Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты 7 елді мекен бойынша жеке және заңды тұлғаларғалардың су есептегіш құралының кезекті сараптамадан өту мерзімі келген тұтынушыларға ескертпелер тапсырылып, олармен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп су есептеуіш құралдарының ауыстырудың ортақ шешіміне келіп, 2018 жылға тексеруден өткізу немесе ауыстыруға қойылған жалпы 476 тұтынушының есептеуіш құралы жоспарланған болатын.

Жыл аяғында аталған жоспардың 512 жеке 11 заңды тұлғалардың мерзімі келген есептеуіш құралдары жаңартылып жалпы таратылған ауыз судың нормативтік шығынын азайтуға нәтижесін келтірді. 2018 жылдың шілде айынан бастап «Апро биллинг» бағдарламасы енгізіліп, жұмыс жасап келеді. Осы бағдарлама бойынша 1606 жеке тұлға мен 46 заңды тұлға су есептегіш құралдарымен мәліметтері енгізіліп есепке алынды.

2018 жылға бекітілген жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына сәйкес 7 елді мекен бойынша 100 ден астам d-150, d-100 және d-80мм ашып-жабу реттегіш арматураларына (оның ішінде 17 – сі жаңадан ауыстырылды), қайтарма клапандарға, II-ші су көтеру насос станцияларындағы технологиялық құбырда орналасқан ашып-жабу реттегіш арматураларына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда: сырлау, майлау, шіріген болт гайкаларын ауыстыру жұмыстары, Көмекбаев, Ақтөбе елді мекендердегі насос станцияларының аула ішіндегі көру құдықтары қақпақтарының шіріп, сынып, істен шығып жарамай қалғандарының орына жаңа қақпақ салынып, жан жағын цементтеп құю жұмыстары Шойын қақпақтардың жетіспеуіне байланысты елді мекендердің су жүйесіндегі қақпағы жоқ көру құдықтардың бетіне d-800мм, биіктігі 10см болатын 70-тен астам темір-бетон қақпақтар қолдан құйылып орнатылды. Көмекбаев елді мекеніндегі 300 метр су желісі қатып қала беретін су желісі қазылып қайтадан тереңдетіліп салынды.

«Қармақшы аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының» санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау мақсатында берген хаттамасына сәйкес Алдашбай ахун, Қуандария, Көмекбаев елді мекендеріндегі I-II су көтеру

насос станцияларының сыртқы темір-бетон қоршаулары толығымен түзетіліп, барлығының астына темір-бетон тұғырлары құйылып, 50x50 темір угольниктен тіректері дәнекерленіп, тікенек сымдары тартылды. Су айдау насостарының жұмыс жасау режимін тексеру жұмыстары айына 4 рет жүргізілуде. Ақжар елді мекенінің ІІ-ші су көтеру насос станциясындағы d-150мм болатын технологиялық құбырлары толығымен ауыстырылды және қуаты 22 кВт – 4 дана, 15 кВт – 4 дана су айдау насостарының подшипниктері ауыстырылып, малау, сырлау жұмыстары жүргізілді.

2018 жылы Қармақшы, Ақтөбе, Ақжар, Тұрмағанбет, Алдашбай ахун, Қуаңдария және Көмекбаев елді-мекендерінің І-ІІ су көтеру насос станцияларына барлығы 200 дана тал және 500-ге жуық гүл егілді. 200 дана егілген талдардың 120 дана көктеді.

2018 жылдың шілде айында Ақтөбе елді мекенінің І-су көтеру насос станциясы, №2 ұңғымаға жаңа ЭЦВ8-25-100, тамыз айында Қармақшы елді мекенінің І-су көтеру насос станциясына ЭЦВ6-10-110, Қуаңдария елді мекенінің І-су көтеру насос станциясы №1 ұңғымаға ЭЦВ6-10-110, қазан айында Ақжар елді мекенінің І-су көтеру насос станциясы №1 ұңғымаға ЭЦВ6-10-110 жаңа насостары қондырылды. Сонымен қатар Қармақшы елді мекенінің №1, Ақтөбе елді мекенінің №1, Ақжар елді мекенінің №1 және Көмекбаев елді мекенінің №2 ұңғымаларына жаңа СТВХ-80 су есептегіш құралдары орнатылды. Қазан айында Қуаңдария, Алдашбай ахун, Тұрмағанбет және Қармақшы елді мекендерінің І-су көтеру насос станцияларының 1-ші ұңғымаларына жаңадан СУЗ 25кВт, 40кВт, басқару жәшіктері орнатылды.

Күзгі-қысқы маусымға дайындық жұмыстары толығымен жүргізілді. Атап айтқанда, барлық насос станциялары ғимараттарындағы ПЭТ-4 жылыту пештері іске қосылып жұмыс жасауда және елді мекендердегі су жүйесіндегі көру құдықтарындағы өрт гидранттары мен ашып-жабу реттегіш арматураларына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізіліп, ЭП-2626 эксковаторымен көру құдықтарының айналасын қымтау жұмыстары жүргізілді.

Өндірістік бөлімшеде 46 жұмысшы қызметкер жұмыс жасайды. Халықты 24 сағат ауыз сумен қамту мақсатында және орын алған апаттық жағдайларды қалпына келтіру үшін 2 авариялық бригада жұмыс жасайды. Арнайы автокөліктермен қамтылған.

Шығып сөйлегендер:

Ақтөбе ауылының тұрғыны Қ. Базарбаева – қазіргі таңда ауылымызда су мәселесінен ешқандай қиындық жоқ. Су үйімізге кіргізіліп берілді. Тәулік бойы ауыз сумен қамтамасыз етіліп отыр. Ауыз судың бағасы да 1 кубқа 30 теңге, халықтың қалтасын көтереді. Жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін деп ризашылығын білдірді

Е. Ақпаев – «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы - 2018 жылы атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде

біраз жұмыстар атқарылғанын көріп отырмыз. Атқарылған жұмыстарға оң бағасын бере келе, алдағы атқарылатын жұмыстарға табыс тіледі.

Қорытынды:

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты өндірістік бөлімшесінің 2018 жылдың қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 10⁰⁰нан-12⁰⁰-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы



Е. Ақпаев

Хатшы:



Ғ. Есжанова

ХАТТАМА

Төретам кенті

4 сәуір 2019 жыл

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы Төретам кенті және Ақай елді мекенін оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2018 жылдың қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы : Е. Ақпаев – «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Ж.Басбаев – «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай елді мекенін ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің басшысы.
2. А.Сансызбаев - Қ Р ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Д. Шакиева – Төретам кент әкімінің орынбасары
4. А. Кален - «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай елді мекенін ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
5. Д.Итигулов - «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай елді мекенін ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер-технологы.
6. Е.Каражанов - «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай елді мекенін ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің диспетчері.
7. Г.Суюбаева - «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай елді мекенін ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімі меңгерушісі міндетін уақытша атқарушы
8. Хатшы – С.Ибраева - «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының Төретам кенті және Ақай елді мекенін ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.

Тұрғындар: Ақай ауылының тұрғындары А.Пұсырманов, М.Дүндібаев т.б және Төретам кентінің тұрғындары Н. Арыков, Ж.Ермеков (алқа билер қоғамдастығы), С.Аралбаев (ақсақалдар алқасы төрағасы), С.Тынымов және тағы басқалар.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

1. «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай елді мекенін ОСЖЖП өндірістік бөлімшесі 2018 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы – Ж.Басбаев– бөлімше басшысы)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Е.Ақпаев тыңдауды ашты.

Ж.Басбаев күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2018 жылдың қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстары бойынша баяндама жасады.

Қармақшы ауданының Төретам кенті және Ақай елді мекенін оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі аудан көлемінде 2 елді мекенді, атап айтқанда: Төретам кенті және Ақай ауылын ауыз сумен тәулігіне 24 сағат қамтамасыз етіп отыр. Төретам кенті және Ақай елді мекендері бойынша **83** заңды тұлға, **18** бюджеттік мекеме бар. Жеке тұлғалар бойынша жалпы **2915** абонент оның ішінде Ақай елді мекенінде **1190**, Төретам кентінде **1725** абонентті ауыз сумен 24 сағат тұрақты түрде қамтамасыз етіп отырмыз.

Төретам өндірістік бөлімшесінде жұмыс жасайтын **25** қызметкер, **5** дана техника, **2** насос стансасы, **84** мың шақырым ауыз су тарату жүйесі арқылы қызметін көрсетуде. Бөлімше бойынша 2018 жылы жоспарға сәйкес нақты таратылғаны **392 653,22** текше метр.

ҚР табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2017 жылғы 11 шілдедегі №86-НҚ бұйрығымен 1 текше метр ауыз су **353,84** теңгені құрайтын уақытша тариф бекітіліп, тұрғындарға су есептегіш құралымен 1 текше метрге **30** теңгеден, су есептегіш құралынсыз 1 текше метрге **40** теңгеден, ал мекемелерге тарифтің толық құнымен таратылды.

Төретам кенті және Ақай елді мекені бойынша **57** ашып-жабу арматураларына, **27** дана өрт сөндіру гидранттарына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Насос станциясы ішіндегі насос қондырғылары мен ашып-жабу арматураларды сырлау, майлау, тозығы жеткен болт гайкаларын ауыстыру жұмыстары жоспарлы түрде іске асырылып отырды. Су қоймаларындағы қалдық сулар сыртқа төгіліп, іші дезинфекцияланды. Насос қондырғыларына жаңадан тоқ желілері жүргізіліп, технологиялық құбырлары сырланды.

Төретам кенті насос станциясының ауласын тазалық мақсатында темір-бетонды қоршаумен екіге бөлінді. Төретам кенті және Ақай елді мекені ішкі су жүйесі бойына орнатылған көру құдықтарының қақпақтарын орнатып, көміліп қалғандарын ашып, жер ызасымен төмен түсіп кеткен темір-бетонды қақпақтарын алып астына кірпіш өру арқылы биіктету және қымтап жабу жұмыстары жүргізілді. Күрделі жөндеу жұмыстары бойынша **40** дана ашып-жабу арматурасы және **6** дана су есептегіш құралы орнатылды. Төретам кенті және Ақай елді мекені бойынша су жүйесі бойынан ірілі-ұсақты **151** ақау (авария) тіркеліп, барлығы қалпына келтірілді. ППР-ге сәйкес күзгі-қысқы маусымға дайындық жұмыстары да ойдағыдай атқарылып, атап айтқанда, ашық жатқан көру құдықтарын қымтап жабу, герметизациялау, техниканың май-сулары ауыстырылып, әкімшілік ғимарат пен күзет бөлмесіне жылу жүйесі жүргізілді. Қыс айларында қатып қалатын екі көше Үйреков пен Қорқыт ата тұйығына күрделі жөндеу жұмыстары бойынша жалпы ұзындығы **550** метр д-63мм ПЭ су құбыры жаңадан жүргізіліп, тұтынушыларға қолданысқа берілді. Ақай елді мекенінде жаңадан тартылған ауыз су жүйесі іске қосылып, техникалық келісім-шарт арқылы тұрғындарға пайдалануға берілді. Ақай елді мекеніндегі жаңадан тартылған су жүйесі іске қосылып, тұрғындарға ауыз су

жеткізілді. Насос станциялары ауласына көркейту-көгалдандыру мақсатында жеміс ағаштары, кара ағаш, гүлдер отырғызылып барлығы дерлік көктеп шықты.

Өндірістік бөлімшедегі жұмысшы қызметкер жаздық-қыстық арнаулы жұмыс киімдерімен қамтамасыз етілді.

Шығып сөйлегендер:

Төретап кенті ақсақалдар алқасының төрағасы С. Аралбаев – 2018 жылы атқарылған жұмыстардың нәтижесін көзімізбен көріп, ауыз судың қыс айларында қатып қалмай 24 сағат жеткізілгенін рахметін айтты.

Қ. Умербаев – «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретап кенті және Ақай елді мекенін ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің Төретап кенті насос станциясының машинисті - өз сөзінде таза су бағдарламасына сәйкес жұмыстар жүргізіліп жатқаны туралы айтты. Су желісінде ақау болған кезде дер кезінде жөнделіп, ысырапқа жол берілмейтіндігі туралы айтты.

Ауыз су тұтынушылар атынан Ақай елді мекені тұрғыны А. Пұсырманов 2018 жылдағы атқарылған жұмыстарға оң бағасын беріп, ауыз судан ешқандай қиындық жоқ, тәулік бойы ауыз сумен қамтамасыз етіліп отыр деп ризашылығын білдірді.

Е. Ақпаев – «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы - 2018 жылы атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын көріп отырмыз. Атқарылған жұмыстарға оң бағасын бере келе, алдағы атқарылатын жұмыстарға табыс тіледі



Қорытынды:

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретап кенті және Ақай елді мекенін ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің 2018 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15⁰⁰ ден-16³⁰-ға дейін.

Тыңдаудың төрағасы

Хатшы:

Е. Ақпаев

С. Ибраева

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің

Х А Т Т А М А С Ы

Шиелі кенті

04 сәуір 2019 жыл

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің магистралды су құбыры мен таратушы желілер арқылы ауыз су жеткізу қызметін пайдаланушы тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2018 жылдың қорытындысы бойынша есепті тындауы.

Баяндамашы: А. Сарсембаев - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің басшысы.

Тындаудың төрағасы: Е. Ақпаев - «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Хатшы: Г. Есжанова - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің іс-жүргізушісі, кадр инспекторы.

Есепті тындауға қатысушылар:

1. А. Сансызбаев - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
 2. Т. Жағыпбаров - Шиелі ауданы әкімінің орынбасары.
 3. П. Махамбет - «Нұр Отан» ХДП кәсіпорынның бастауыш партия ұйымының төрайымы.
 4. Т. Баймағанбетов - Шиелі кенті әкімінің орынбасары.
 5. Ж. Әбдікамалов - «Шиелі аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.
 6. Ж. Баядилов - Шиелі аудандық құрылыс бөлімінің уақытша басшысы.
 7. Т. Охап - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі басшысының орынбасары.
 8. И. Баймағанбет - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің ЕҚ және ЕҚ инженері.
 9. Ұ. Есжан - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
- Тұрғындар: Қалмырзаева РҮ-6 4/39 үй тұрғыны, Қайырбекова РҮ-6 16/7 үй тұрғыны, Әбдіғаниева Шиели Молдагулова 86/2 тұрғыны, Нуршаева Шиели Казантаева 3 үй тұрғыны, Оспанова Шиели Яссауи 51 үй тұрғыны.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2018 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы: А. Сарсембаев - өндірістік бөлімше басшысы).

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы - Е. Ақпаев тыңдауды ашты.

А. Сарсембаев - өндірістік бөлімше басшысы күн тәртібінде қаралатын мәселе бойынша бөлімшенің 2018 жылғы Шиелі ауданының тұрғындарын, (тұтынушыларын) ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстарға баяндама жасады. «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі Шиелі кенті мен ауданның 17 елді мекенінің 10 951 үйін, барлық тұтынушылар саны 57 088 адамды, 85 бюджеттік мекемелерді және 215 кәсіпорындарды ауыз сумен қамтамасыз етеді. 2018 жылдың нақты өндірілген су көлемі - 1 136 040,417 текше метр. «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінде 116 қызметкер жұмыс жасайды. Аудан бойынша 17 насос станциясы, 15 дана су қыспақты мұнарасы, 11 дана су ұңғымасы, 108,15 шақырым бас су құбырлары, 351,65 шақырым ішкі су тарату желілері қызметін көрсетеді.

Ауыз су жеткізуші болып табылатын «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі Сүттіқұдық елді мекеніне қарасты Бас саға арқылы ауыз суды өндіріп, Жаңақорған кенті мен Жаңақорған ауданының 6 елді мекеніне, сонымен қатар Шиелі кенті мен ауданның 17 елді мекендерге су жеткізіп отыр.

Табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті органмен бекітілген ауыз су жеткізу қызметінің тарифі ҚҚС - мен - 498,29 теңгені құрайды, алайда тұрғындар әрбір пайдаланған ауыз судың 1 текше метріне жеңілдетілген тарифпен (ҚҚС-мен - 30 теңгеден) төлем жасалды. Бекітілген тариф пен жеңілдетілген тариф арасындағы айырмасы мемлекеттік бюджет есебінен субсидиялар түрінде төленеді.

Сүттіқұдық елді мекенінде № 1 және № 2 көтерме насос станциялары орналасқан. № 1 көтерме насос станциясында - 11 дана су шығару ұңғымалары бар. Оның бүгінгі таңда 9 данасы жұмыс істеп тұр. № 2 көтерме насос станциясында қосып ажырату камерасы - 2 дана, сыйымдылығы - 410,5 текше метр. 2 дана резервуар, 1Д-200-90 маркалы насос - 5 дана су тарату қондырғылары бар.

№ 2 көтерме насос станциясымен № 3 насос станциясы су құбырының ара қашықтығы - 32,6 км d-400 мм ПЭ су құбыры арқылы жалғанған.

Шиелі кенті бойынша тұтынушылардың жаз айларында ауыз су беруде қиыншылықтар болады, ол жаз мезгіліндегі аяқ суға пайдалану әсерінен 3-4 есе ауыз су тұтыну мөлшері артып кетеді. Алайда Филиал өз тарапынан осы жағдайлардың алдын алу мақсатында және үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында Сунақата елді мекені тұсынан d- 400 мм ПЭ құбырына күшейткіш насос қондырғысын орнатып аудан халқын ауыз сумен қамтамасыз еттік.

Ақмая елді мекеніне жаз айларында ауыз су тапшылығы болады. Р-12 каналымен қиылысқан магистраль құбыры 2,5 метр биіктігімен канал үстінен

өткен. Сол себепті Ақмая елді мекеніне баратын магистраль бойынан к-20/30 күшейткіш насос қондырғысын орнатып Ақмая ауыл халқын ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз етілді.

Шиелі кентіне № 3 су көтеру бекетінде орналасқан сыйымдылығы **20 мың** текше метр су қоймаларына Бас сағадан тәулігіне **3 500 - 6 500** текше метр аралығында ауыз су қабылдап. Шиелі кенті мен 17 елді мекенге ауыз су таратып отыр.

Ортақшыл, Байсын, Жахаев, Бидайкөл, Досбол-би елді мекендерінде жылдың мамыр-тамыз айларында № 5 су көтеру насос станциясы арқылы ауыз су алса, қалған **8 ай** мезгілінде «**Байпасный линия**» арқылы Шиелі кенті ішкі желілерінен ауыз су алады. Осы тәжірибеден өткен «**Байпасный линия**» жалғамасын Қодаманов, Жансейіт, Бекежанов, №21 Бекет елді мекендеріне қоссақ насос қондырғыларын пайдаланбай электр энергиясын үнемдеуге қол жеткіземіз

Бестам елді мекені № 5 насос станциясынан 12 шақырым d-225 мм магистраль су құбыры арқылы ауыз сумен қамтамасыз етеді. 50 % (авария) ақау жұмыстары, су шығыны осы магистраль су құбыры еншісінде, 2017 жылы 1900 метр ПЭ d-160 мм су құбыры күрделі жөндеуден өтіп авария саны азайды .

№ 21 Бекет, Жансейіт, Жиделіарық елді мекендерінде 2 машинисттен, қызмет атқаруда. Қазіргі таңда 24 сағат ауыз су беру, сонымен қатар ауыз су төлемдерін жинау қиындықтар туғызуда. Сол себепті нормативті талапқа сәйкес қажетті штат беру жөнінде филиалға ұсыныс берілді.

Жоспарлы түрде көктемгі сәуір айында, күзгі қыркүйек айында аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық ішкі су тарату желілеріне, магистралды су құбырына, су мұнараларына және су қоймалырына жуып-шаю, заласыздандыру жұмыстары жүргізілді. 2018 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» Қызылорда облысы бойынша филиалымен келісім шартқа отырған.

Келісім шарт бойынша № 2, № 3, № 5 су көтеру насос станцияларынан- аптасына 2 рет, су қоймаларынан - аптасына 3 рет, су құбырларынан - **30** нүктеден - айына 1 рет, ұнғымалардан - тоқсанына 1 реттен анализдер алынады.

Өндірістік бөлімшенің теңгеріміндегі автокөліктер мен арнайы техникалардың саны – **12**, 2018 жылдың қаңтары мен желтоқсаны аралығында әр ай сайын жұмысшы, қызметкерлердің жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігі, электр және техника қауіпсіздіктерін сақталуы мақсатында тексеру жұмыстары жүргізіліп отырды. Барлық насос станцияларында өрт қауіпсіздігі тексерілді.

Өндірістік бөлімшеде жұмысшы қызметкерлерге берілген жұмыс киімдері мен қорғаныс құралдары белгіленген норматив бойынша тозу мерзімі жеткен кезде есептен шығарылады. Мерзімі жетпей жұмыс ерекшелігіне байланысты жарамсыз болған жұмыс киімдеріне акт жасалып есептен шығарылды

Мекемеде **9** бақылаушы - инспекторлар көше аралап, ауыз су ақысын жинауда, ғимаратта арнайы төлем кассасы жұмыс жасайды. Сонымен қатар апаттық жағдай болған жағдайда тәулік бойы диспетчерлік қызметке **4-19-99 байланыс телефон** арқылы хабарласуға болады. Шиелі кенті көкшоқы мөлтек ауданы 2018 жылы 29 желтоқсанда «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесіне қосылды. 1185 абанент, 3411 халық саны бар. Оқшауланған 2- дана ұнғымасымен ауыз су беріледі. Насос станциясымен насостары ескі К-100-65-200 маркалы насос қондырғысы орнатылды. Сарқынды суға 3-дана КНС және 1 дана

КОС жұмыс атқаруда. Насос станциясы мен КНС, КОС-ына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге ақау актілері ОДСП «Арал» су пайдалану бөліміне жолданды.

Баяндамамызды қорытындылай келе бір жылда атқарылған істі бір сағатта толық баяндап беру мүмкін емес. Атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталып өттік.

«Су тіршілік көзі, өмірдің қуаты», «Судың да сұрауы бар» дейді, аққан судың қадірін білген дана халқымыз.

Біздің де Сіздерден өтініріміз ауыз су төлем ақысын уақытылы төлеп отыруларыңызды сұраймыз.

Зейін қойып тыңдағандарыңызға үлкен алғысымызды білдіреміз. Рахмет!!!

Шығып сөйлегендер:

1. Ж. Әбдікамалов - «Шиелі аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы: **Көкшоқы мөлтек ауданына қашан су желісі қосылады және кәріз су жүйесі қалай болмақ?**

Жауабын су нысандарын пайдалану бөлімшесінің басшысы - Е. Ақпаев берді. Көкшоқы мөлтек ауданының ауыз су жүйесі оқшауланған 2 дана су ұңғымасынан ауыз су беріледі. 19 шақырым ішкі ауыз су жүйелері халыққа жұмыс атқаруда. Алдағы уақытта «Жиделі топтық су құбыры» бойына жалғау жұмыстары қолға алынып, жоба сметалық құжаттары дайындалуда. Сарқынды су (канализация) – 3 дана кәріз насос станциясы және кәріздік тазалау құрылғысы (КОС) жұмыс атқаруда. Таза су айдайтын насос станциясы мен су қоймасы ескі күрделі жөндеуді қажет етеді.


2. В. Кузина - аудан тұрғыны. Жыл сайын жаз айларында кейбір көшелерге ауыз су бармайды, оған қандай шара көріледі, не көмек көрсетіледі немесе қарастырылады?-деген сұрағына өндірістік бөлімше басшысы А. Сарсембаев былтырғы жылы Достық көшесі мен Құрманғазы көшесін өз күшімізбен қосып су айналмасын жасадық. Палмұхамбетов көшесіндегі d-110 мм ПЭ құбырында су айналма (кольцевой) өз күшімізбен жасадық. Биылғы жылы Тоқтаров көшесіне құбырдағы су қысымын көтеру үшін «повыситель» орнату жұмыстары жасалды.

Қорытынды:

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2018 жылы топтық су құбырына қосылған тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға беріледі.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланады. Өткізілген уақыты - сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы:



Е. Ақпаев

Хатшысы:



Г. Есжанова

ХАТТАМА

Шиелі кенті.

4 сәуір 2019 жыл

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің магистралды су құбыры мен таратушы желілер арқылы ауыз су жеткізу қызметін пайдаланушы тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2018 жылдың қорытындысы бойынша есепті тыңдауы.

Баяндамашы: Д.Абдухаимов - «Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.

Тыңдаудың төрағасы: Е. Ақпаев - «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Хатшысы: Г. Еркін - «Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің іс-жүргізушісі, кадр инспекторы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. А.Сансызбаев - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
2. Т. Жағыпбаров - Шиелі ауданы әкімінің орынбасары.
3. П. Махамбет - «Нұр Отан» ХДП кәсіпорынның бастауыш партия ұйымының төрайымы.
4. Т. Баймағанбетов - Шиелі кенті әкімінің орынбасары.
5. Ж. Әбдікамалов - «Шиелі аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.
6. Ж. Баядилов - Шиелі аудандық құрылыс бөлімінің уақытша басшысы.
7. С.Әбдіжапбаров инженер энергетигі, кәсіподақ төрағасы
8. Э.Жайсаңбаева - «Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
- 9.Тұрғындар: Шамшиев с.Бирлестик, Жапбасбаева с Бирлестик, Абасылов с.Майлытогай, Мырзахмет Г, с. Байгакум, Нарымбетов М Шокай.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

«Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2018 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (**Баяндамашы: Д.Абдухаимов - өндірістік бөлімше басшысы**).

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы - Е. Ақпаев тыңдауды ашты.

Д.Абдухаимов - өндірістік бөлімше басшысы күн тәртібінде қаралатын мәселе бойынша бөлімшенің 2018 жылғы Шиелі ауданындағы 8-елді мекендердегі тұрғындарын, (тұтынушыларын) ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстарға баяндама жасады.

«Казсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты «Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінде 38 қызметкер жұмыс жасайды.

«Казсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты «Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі 8 елді мекендерді, атап айтқанда Бәйгеқұм, Бұланбай, М. Шоқай, 1 Мамыр, Бірлестік, Ботабай, Тартоғай, Майлытоғай елді мекендер бойынша 1449 абонент 7153 адам 23 бюджеттік мекеме және 9- заңды тұлғаны ауыз сумен қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2017 жылдың 11 шілдедегі №86 бұйрығы негізінде 2017 жылдың 1 тамызынан бастап 1 текше метр ауыз судың бағасы 345,49 тиын, ҚҚС-мен 386,95 тиын болып бекітілген.

«Казсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты «Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінде 8 елді мекен бойынша 11 ұңғыма, оның ішінде жұмыс жасап тұрғаны – 8, 5 елді мекендер (Бірлестік, Бұланбай, Ботабай, Шоқай, Майлытоғай) 24 сағат бойы, 1 Мамыр – 20 куб су өндіріп 6 сағат таратады, Бәйгеқұм елді мекені 19 сағатта 70 м³ су жинап 2,5 сағатта таратады, Тартоғай 10 сағатта 80 куб су жинап 2,5 сағатта таратады. Аталған елді мекендер бойынша су қорының аздығына байланысты уақытпен ауыз сумен қамтамасыз етіледі. 8 елді мекен бойынша тәулігіне қыс мезгілінде 300-350 м³ жаз мезгілінде 500-1000 м³ аралығында су өндіріледі. 4 дана 250 м³ су қоймасын және 6 дана су көтеру мұнарасымен қамтылған. Ішкі су құбырының ұзындығы 38,8 шақырымды құрайды, көру құдықтарының саны – 274 дана. Бәйгеқұм, М. Шоқай елді мекендеріндегі ауыз су құбыры жеткізілмеген тұтынушыларға су тасушы автокөлікпен ауыз су тасымалданды.

Сегіз елді мекен бойынша 2018 жылы - 158293 м³ су таратылды. 2018 жылды тұтынушыларға ауыз су есептегіш құралымен 96722 м³, су есептегіш құралынсыз – 52278 м³, барлығы – 149000 м³, заңды тұлға, субъект бойынша 9292,93 м³ ауыз сумен қамтамасыз етілді.

Ауыз суға су есептегіш құралы бар тұтынушы - 30 тенгеден, ал су есептегіш құралы жоқ тұтынушыға - 40 тенгеден тұтынған су көлеміне қарай төлейді. Ал үстіндегі су есептегіш құралымен 356,95 тиын, су есептегіш құралы жоқ - 346,95 тиын мемлекет субсидия

есебінен қаржыландырады. 2018 жылға алынған материалдар алдын ала жөндеу жұмыстары жұмсалды, электр қондырғылары күйіп кеткен жерлері ауыстырылды. Барлық елді мекендерге электр қондырғыларына жаңадан басқару жәшіктері СУЗ (станция управления защиты) қондырғылары орнатылды. Бөлімшеге қарасты Тартоғай, Бәйгеқұм елді мекендердегі насос станциясында қосалқы трансформаторлар ажыратып қосылғыштары (РЛНД) жарамсыз болғандықтан 2 дана ауыстырылды.

Осы аталған қосалқы трансформаторларды жылына бір рет техникалық қызмет көрсету бойынша Шиелі аудандық электр торабы мекемесімен келісім шартқа байланысты қызмет көрсету үшін 5 дана қосалқы трансформатор техникалық қызмет көрсету жұмыстары жүргізілді.

8 елді мекендерінің ауыз су насос стансаларына алдын-ала жөндеу жұмыстарына (ППР) сәйкес НС аулаларын арам шөптерден тазалау, су көтеру мұнараларының ішіндегі қақ қалдықтарын тазалау, ауыз су қоймаларының ішіндегі жиналған құм қалдықтарынан тазалау, жуу, НС ғимараттарына әктеу-сырлау және ауыз су құбырлары бойындағы көру құдықтарының іштерін тазалау жұмыстары жүргізілді.

Барлық су нысандарында техникалық регламентке сай көктемгі – күзгі залалсыздандыру және хлорландыру жұмыстары жоспарға сай жүргізіледі. Аудандық СЭС-пен келісім шартқа отырып ай сайын химиялық бактериялар анализдері алынып отырады.

Бұланбай бауы елді мекеніне ауыл ішілік диаметрі 110 мм полиэтилен су құбыры 0,888 шақырымға, Бірлестік елді мекеніне ауыл ішілік диаметрі 110 мм полиэтилен су құбыры 0,085 шақырымға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Баяндама аяқталды зейін қойып тыңдағандарыңызға рахмет.

Шығып сөйлегендер:

1. Ж. Әбдікамалов - «Шиелі аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы: **Көкшоқы мөлтек ауданына қашан су желісі қосылады және кәріз су жүйесі қалай болмақ?**

Жауабын су нысандарын пайдалану бөлімшесінің басшысы - Е. Ақпаев берді. Көкшоқы мөлтек ауданының ауыз су жүйесі оқшауланған 2 дана су ұңғымасынан ауыз су беріледі. 19 шақырым ішкі ауыз су жүйелері халыққа жұмыс атқаруда. Алдағы уақытта «Жиделі топтық су құбыры» бойына жалғау жұмыстары қолға алынып, жоба сметалық құжаттары дайындалуда. Сарқынды су (канализация) – 3 дана кәріз насос станциясы және кәріздік тазалау құрылғысы (КОС) жұмыс атқаруда. Таза су айдайтын насос станциясы мен су қоймасы ескі күрделі жөндеуді қажет етеді.

2. В. Кузина - аудан тұрғыны. **Жыл сайын жаз айларында кейбір көшелерге ауыз су бармайды, оған қандай шара көріледі, не көмек көрсетіледі немесе қарастырылады?**-деген сұрағына өндірістік бөлімше басшысы А. Сарсембаев былтырғы жылы Достық көшесі мен Құрманғазы көшесін өз күшімізбен қосып су айналмасын жасадық. Палмұхамбетов көшесіндегі d-110 мм ПЭ құбырында су айналма (кольцевой) өз күшімізбен жасадық. Биылғы жылы Тоқтаров көшесіне құбырдағы су қысымын көтеру үшін «повыситель» орнату жұмыстары жасалды.

Қорытынды:

«Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2018 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға беріледі.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланады. Өткізілген уақыты - сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін

Тыңдаудың төрағасы:



Е. Ақпаев

Хатшысы:



Г. Еркін

ХАТТАМА

Жаңақорған кенті

04 сәуір 2019 жыл

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жиделі топтық су құбырын пайдаланушы Жаңақорған» өндірістік бөлімшесінің су құбыры арқылы ауыз су жеткізу қызметін тұтынушыларға 2018 жылдың қорытынды есебін тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы : Е.Ақпаев – «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы сумен жабдықтау нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Ғ.Шерниязов – «Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесі басшысы.
2. А.Сансызбаев – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. А.Бекишов – кент әкімі.
4. Е.Сейлов «Аудандық тұрғын үй-Коммуналдық шаруашылығы, Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы.
5. М.Қабетенов- Жаңақорған оқшау сумен жабдықтау жүйесін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі басшысы
6. Т. Сыздықов- Жаңақорған өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
7. Ғ.Өмірбеков – Жаңақорған өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
8. Хатшы- Ж.Мурзаметова абонент бөлімінің меңгерушісі.

Тұрғындар: Шонабаев көшесі №2 үй тұрғыны А. Өтембаев, Түйменұлы көшесі №69 О. Оспанов Әлімкөл көшесі тұрғыны Ә.Сугірбаев Сунақата е/м тұрғыны Шынбаев Омар, Екпінді е/м тұрғыны А.Исаев, Еңбек е/м тұрғыны Ержитітов Ербол, Төменарық е/м тұрғындары Тлеубергенов Үсен, Бигеметов Аят, Қобыжанов Азамат, Қожамберді е/м тұрғыны Бегалиев Қайрат, Тұрсынбаев А. - Искендиоров А.- Айдарбеков көшесі №4, Бисенов Е - Мусаев көшесі №7 және тағы басқалары қатысты.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Жаңақорған өндірістік бөлімшесі 2018 жылғы көрсетілген қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі.

(Баяндамашы – Ғ.Шерниязов - бөлімше басшысы.)

2018 жылы «Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесінде 11-насос станциясы, 9 дана техника, 84 жұмысшы қызметкер, 8 дана су қыспақты мұнарасы, 59,85 шақырым бас су құбырлары, 158,668 шақырым ішкі су тарту құбырлары жұмыс жасайды. Бөлімше Жаңақорған кенті және 7 елді мекен бойынша 4122 үйде тұратын 19496 адамға, 46 бюджеттік және 64 заңды мекемелерге ауыз су тарту қызметін көрсетеді.

«Жиделі топтық су құбырынан» **501 486 м³** текше метр ауыз су қабылданып, тұтынушыларына таратылды, қаржысы толығымен жиналды.

Ай сайын бекітілген алдын-ала жөндеу жұмыстарының жоспарына сәйкес және 159 апаттық ақауды қалпына келтіру үшін 3 168800 теңгені құрайтын жұмыстар атқарылып, ауыз су нысандарында кестеге сәйкес кент Жаңақорған және елді мекендер бойынша су тарту бекеттерінің ауласындағы және ішкі су тарату құбырларымен магистрал бойында орналасқан 1071 дана көру құдықтарының іші лайдан тазартылып ішіндегі 33 дана ашып-жабу арматуралары және 9 дана КЦП ауыстырылды. Өндірістік база және насос станциясы ғимараттарын әктеу, сырлау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, насос станциялары ауласына көркейту - көгалдандыру жұмыстары атқарылды. Жоспарлы түрде көктемгі сәуір айында, күзгі қыркүйек айында аудандық ҚДСБ (СЭС) қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық ішкі су тарату желілеріне, магистральды су құбырына және су қоймаларына жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

Барлық су тарату бекеттерінің ауласындағы көру құдықтарының ішінде орнатылған ашып-жабу арматураларына ревизия жасау және магистральды су құбыры бойында ашық қалған су құбырларына оболовка жасау жұмыстары жүргізілді. Ішкі су тарату жүйесі бойында орнатылған қоғамдық калонкаларды ағымдағы жөндеу және айналасын тазарту, сырлау, жылы жабу жұмыстары орындалды. Барлық су бекеттерінде және өндірістік базада орнатылған жоғарғы тоқ кернеулі трансформатордың майын тексеріп, техникалық күтім жасау жұмыстары атқарылды.

Барлық жұмысшы-қызметкерлер арнаулы киімдермен және жұмыс құралдарымен толығымен қамтамасыз етілді.

Алдағы уақытта тұтынушыларды сапалы сумен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар жалғаса береді- деп сөзін қорытындылады.

Сөз алғандар:

- **Достық №22 үй тұрғыны, А. Өтембаев**, Достық, Бостандық көшелері жаңа су құбырлары құрылысы жұмыстары қашан аяқталатыны жайлы сұрады.
- **Ғ.Шерниязов** – Қазіргі таңда жүріп жатқан 4 кезең жұмыстары 2019 жылдың шілде айында аяқталуға тиіс деп жауап берді.
- **Түйменұлы көшесі №69 О. Оспанов** жаңадан жүріп жатқан су құбырларының сапасын қатаң қадағалау керектігін, сонымен қатар қолданыстағы су құбырының хлорлау жұмысын күшейту жайлы айтты
- **А.Бекишев – кент әкімі** өз сөзінде ауданда ауыз су мәселесі «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалына қосылғалы ауыз судың жағдайы бұрынғыға қарағанда әлде қайда жақсарғанын атап айтты.
- **Ә.Сүгірбаев** - кент тұрғыны басшысы өз сөзінде ауыз су тарататуда «Жиделі топтық су құбыры» Жаңақорған өндірістік бөлімшесі аудан халқына сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуде, су құбыры бар тұтынушы еш кедергісіз ауыз сумен қамтылуда және алға ілгерушілік бар екенін айта келе, ауыз су төлемақысын толығымен халықтан жинап отыр, бұл жақсы жетістік екенін айта келе алдағы уақыттағы жұмыстарына сәттілік тіледі. Сонымен қатар 4 кезең бойынша жүргізіп жатқан құбырлардың жұмысыны сапасын қатаң түрде қадағалап, қабылдау керектігін айтып өтті.

- Ауыз су тұтынушылар атынан А. Сүгірбаев, Достық №8 үй тұрғыны, А. Өтембаев 2018 жылы өндірістік бөлімшесі кент су құбырындағы қиыншылықтарды жеңіп нәтижелі жұмыстар атқарғанын атап айтты, жақсы деп бағасын берді.

Е.Сейлов - «Аудандық тұрғын үй-Коммуналдық шаруашылығы, Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы. - өз сөзінде бөлімше түскен ұсыныстарды және орын алға апаттық жағдайларды дер кезінде орындап халықтың ықыласына бөленгенін, атқарылған жұмыстарға оң баға бере отырып, алдағы уақытта әлі де көп жұмыстар атқару керектігін айта келе, осы жетістіктік барлығы елбасы арқасы екенін, барлық бағларламалар кезең-кезеңмен орындалуда-деп сөзін аяқтады.

Қорытынды:

«Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесінің 2018 жылғы атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға беріледі. Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15⁰⁰нан-17⁰⁰-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы


Е. Ақпаев

Хатшы:


Ж.Мурзаметова

ХАТТАМА

Жаңақорған кенті

04 сәуір 2019 жыл

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің су құбыры арқылы ауыз су жеткізу қызметін тұтынушыларға 2018 жылдың қорытынды есебін тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы : Е. Ақпаев – «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы сумен жабдықтау нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар :

1. Ғ. Шерниязов – «Жиделі топтық су құбырын» пайдалушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесі басшысы.
2. А.Сансызбаев - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті және тұтушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. А.Бекишов - кент әкімі.
4. Е. Сейлов – «Аудандық тұрғын үй – Коммуналдық шаруашылығы, Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» бөлімінің басшысы.
5. М. Қабетенов – «Жаңақорған оқшау сумен жабдықтау жүйесін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
6. Т. Сейсенов - «Жаңақорған оқшау сумен жабдықтау жүйесін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
7. Ғ. Жұманазаров - «Жаңақорған оқшау сумен жабдықтау жүйесін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің диспетчері.
8. К. Қалдыбаева – «Жаңақорған оқшау сумен жабдықтау жүйесін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы абонент бөлімінің меңгерушісі.
9. М. Ибадулла - «Жаңақорған оқшау сумен жабдықтау жүйесін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің техник-программисті
10. Хатшы - А.Тотаева инженер – экономист.

Тұрғындар : Шонабаев көшесі № 2 үй тұрғыны А. Өтембаев , Түйменұлы көшесі № 69 үй тұрғыны О. Оспанов , Әлімкөл көшесі тұрғыны Ә.Сүгірбаев , Өзгент ауыл округінің әкімі - Ж. Мырзабаев , Қожакент ауыл округінің бас маманы – Е. Жиенқожаев, Жаңарық ауылының тұрғыны Ш. Асанов, Манап ауылы тұрғыны Қ. Анапиянов және тағы басқалары қатысты.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. « Жаңақорған оқшау сумен жабдықтау жүйесін пайдаланушы » өндірістік бөлімшесінің 2018 жылғы көрсетілген қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі.
(**Баяндамашы - М. Қабетенов – бөлімше басшысы**)

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы - Е. Ақпаев тыңдауды ашты.

Жаңақорған ауданы бойынша 19 елді мекен яғни, Байкенже, Жаңарық, Әбдіғаппар, М.Нәлібаев, Ақсуат, Өзгент, Қожакент, Түгіскен, Келінтөбе, Қаратөбе, Қандөз, Көктөбе, ст.Бесарық, Бесарық ауыл округі, ст. Талап, Манап, Қыраш, Бірлік, Кейден елді мекендерінде оқшау су жүйесімен насос станциялары арқылы ауыз сумен қамтылған. Насос станцияларында ішкі ауыз су жүйесі 215,8 км шақырым.

Елді мекендердегі тұтынушыларға 257151 текше метр су таратылып берілді. Қаратөбе, Ақсуат елді мекендеріне су тасыйтын көлікпен су тасымалдануда.

«Жаңақорған оқшау сумен жабдықтау жүйесін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің халықты толыққанды сапалы таза сумен қамтамасыз ету үшін Талап - Сырдария топтық су желісіне қосылу мақсатында 2018 жылы Бесарық ауылдық округ тұсындағы № 3 сорғы станциясынан Қосүйеңкі елді мекенінің тұсына дейін 35 шақырым құбыр тартылды. Қалған 40 шақырым 2019 жылға жоспарлануда. 2018 жылы бөлімшеге қарасты Байкенже, Билібай, Әбдіғаппар, Өзгент, Қожакент, Қандөз, Қалғансыр, Көктөбе, елді мекендерінің ішкі су жүйелерін жүргізуді аяқтап, осы елді мекендерді толыққанды тексеру жұмыстары атқарылуда.

Сөз алғандар:

-**Қ.Анапиянов** Манап ауылының тұрғыны жаңадан жүріп жатқан су құбырларының сапасын қатаң қадағалау керектігін, сонымен қатар қолданыстағы су құбырының хлорлау жұмысын күшейту жайлы айтты.

- **А.Бекишев – кент әкімі** өз сөзінде ауданда және елді мекендерде ауыз су мәселесі « Қазсушар » РМК « Арал » СЖКБД филиалына қосылғалы ауыз судың жағдайы бұрынғыға қарағанда әлде қайда жақсарғанын атап өтті.

- Ауыз су тұтынушылар атынан **А Сүгірбаев, Ш.Асанов** 2018 жылы өндірістік бөлімше нәтижелі жұмыстар атқарғанын атап айтты, жақсы деп бағасын берді.

Е.Сейлов - «Аудандық тұрғын үй – Коммуналдық шаруашылығы, Жолаушылар келігі және автомобиль жолдары» бөлімінің басшысы – өз сөзінде өндірістік бөлімшеге түскен ұсыныстарды және орын алған апаттық жағдайларды дер кезінде орындап, халықтың ықыласына бөленгенін, атқарылған жұмыстарға оң баға бере отырып, алдағы уақытта әлі де көп жұмыстар атқару керектігін айта келе, осы жетістік барлығы Елбасының арқасында екенін, барлық бағдарламалар кезең-кезеңмен орындалуда – деп сөзін аяқтады.


Қорытынды:

«Жаңақорған оқшау сумен жабдықтау жүйесін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2018 жылғы атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15⁰⁰ ден – 17⁰⁰ -ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы

Хатшы :



Е.Ақпаев

А.Тотаева

Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің пайдаланушы өндірістік бөлімшесі халықты ауыз сумен қамту қызметінің 2018 жылға атқарылған жұмыстары туралы есебі.

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің

Х А Т Т А М А С Ы

Тереңөзек кенті

5 сәуір 2019 жыл

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында ауыз суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2018 жылдың қорытындысы бойынша есепті тыңдауы.

Баяндамашы: Б.Дүзімбетов- «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.

Тыңдаудың төрағасы: Ж.Сейтпенбетова - «Арал» СЖКБД филиалының экономикалық-жоспарлау бөлімінің басшысы.

Хатшысы: А.Тарбакова - «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің іс-жүргізушісі, кадр инспекторы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. А.Сансызбаев - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
2. Кент әкімі: Н.Бисембаев
3. Аудандық ТҮКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бас маманы Б.Мырзахметов
4. Аудандық қоғамдық ұйымының төрағасы М.Омаров
5. Білім бөлімінің басшысы: Ү.Жұмабаева
6. Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің тілшісі Ш.Балтабайұлы
7. Тереңөзек кент еңбек ардагері Ғ.Үдербаев
8. Кент ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Тұрғанбаев
9. Сырдария өндірістік бөлімше басшысы орынбасары М.Сарсенбай
10. Сырдария өндірістік бөлімше инженер-технологы Н.Сейіл
11. Сырдария өндірістік бөлімше қызметкерлері
12. Тереңөзек кентінің тұрғындары.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

«Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі 2018 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі (Баяндамашы – Б. Дүзімбетов – бөлімше басшысы).

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Ж.Сейтпенбетова – «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының экономикалық-жоспарлау бөлімінің басшысы тыңдауды ашты.

1. Сырдария ауданы бойынша елді мекендерде ауыз су беру, тарату тәулік бойынша үздіксіз айдалып отыр. Уақытпен (сағатпен) айдап отырған елді мекендер Шіркейлі, Қоғалыкөл, Амангелды, Н.Ильясов, Қалжан-Ахун елді мекендері толығымен 24 сағат бойы су айдау уақытына көшірілді. Н.Ильясов елді мекенінде насос станциясының ауласы толық күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді және Шаған елді мекені №1 насос станциясының 2-ші су көтеру насос ғимараты өз күшімізбен жөндеуден өткіздік. Қалжан-Ахун елді мекені 2018 жылы су кешені жаңадан салынып, барлық жеке тұрғын үйлерге су есептегіш құралдары орнатылып, қолданысқа берілді.
2. 2018 жылы елді мекендерде көркейту-көгалдандыру жұмыстарына толығымен жүргізілді, 740 түп тал қаламшасы мен көшет егілді, 560 түп гүл отырғызылды, 1140 тал саны ауыз су кешенінде бар.
3. 2018 жылы күрделі жөндеу жұмыстарына 4 көше қарастырылған. Оның ішінде Құндызбаев көшесі толық жөнделіп, іске қосылды. Қалған 3 көше Н.Ильясов, И.Тоқтыбаев, Ә.Тәжібаев көшелері ағымдағы жылы күрделі жөндеуге жатады.
4. 2019 жылы күрделі жөндеу жұмыстарына 4 көше бекітілген, О.Абдулпаттаев, Жеңістің 50 жылдығы, Қазақ, Жамбыл көшелері және Шаған елді мекенінде Ғ.Мұратбаев көшесі қарастырылған. Тереңөзек кентінде №5 насос станциясына қоршау жұмыстары жасалынады.
5. 2019 жылғы жазғы маусымына Жетікөл, Шаған елді мекендеріне сервистік жүйе жүргізіліп, ауыз сумен қамтамасыз ету жобада.
6. 2019 жылға 1 қаңтарына шикізат материалдары қалдықсыз.
7. 2019 жылға жоспардағы ұсынылған шикізат материалдар негіздемесі ретінде алдын-ала жөндеу жұмыстарына (ППР) сәйкес ұсынылады.
8. Филиал теңгеріміндегі барлық техникалық құжаттар орталық су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөліміне толық тапсырылып, жаңадан пайдалануға берліген Қалжан-Ахун елді мекеніндегі насос станциясының құжаттары қосымша толықтырылып, әзірленуде.

Пайдаланудағы техникаларға ТО-1, ТО-2, ТО-3 техникалық күтімдерін жасау алдын-ала жасалған кесте бойынша жүргізіліп отыр.

Бөлімшеде пайдалану мерзімі өтіп, әрі қарай жөндеуге жарамайтын және есептен шығаратын көлік құралдары жоқ.

«Сырдария ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің **2018** жылдың қорытындысы бойынша **7426** тұтынушы яғни **32480** халықты таза ауыз сумен қамтамасыз етіп отыр. «Сырдария ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің бойынша **5229** тұтынушы су есептеу құралымен қамтылған, яғни **70%**. **7296** тұтынушы жеке тұлға, **130** заңды тұлға. Халыққа **843626,13** текше метр ауыз су берілсе, заңды тұлғаға **45156,94** текше метр барлығы **888783,07** текше метр ауыз су таратылды. Одан жиналған қаражат жеке тұлға бойынша **26 691 114** теңге, заңды тұлға бойынша **16 931 789,55** теңге, барлығы **43 622 903,55** теңге.

Кәріз саласы бойынша 2018 жылдың жоспары бойынша халықтан 5600 текше метрді, бюджеттік мекемелерден 4840 текше метр қаралса, орындалғаны халықтан 8095,6 текше метр, бюджеттік мекемелерден 13671 текше метр, өзге мекемелерден 260 текше метрді құрады. Жалпы 2018 жылы 22026,7 текше метр лас су шығарылып, 11586,7 текше метр жоспардан артық орандалды.

1. Нақты таратылған ауыз көлемі бекітілген жоспардан аз болу себебі, біздегі елді мекендердің көбісі адам санымен бекітілген, (Бесарық, Аманкелді, Ақжарма, Қалжан-Ахун, С.Сейфуллин, Іңкәрдария). Қазіргі кезде аталған елді мекендерде ауыз су есептегіш құралдары 100 пайыз орнатылғандықтан ауыз көлемі бекітілген адам саны көлемімен сәйкес келмейді, себебі су есептегіш құралы болғандықтан ауыз су көлемі мен шығыны аз болып отыр. Сондықтан бекітілген ауыз су жоспарын қайта қарауларыңызды және өзгеріс енгізулеріңізді сұраймын.
2. Су есептеу құралын орнатуға мүмкіндігі бар тұтынушыларға су есептегіш құралын орнату жұмыстары толық жүргізіліп жатыр. Шаған ауылы, Шіркейлі ауылы, Тереңөзек кенті бойынша су есептегіш құралдары орнатылып жатыр.

Ауыз су сапасы.

Ауыз су жүйелерінің жұмыстары қатаң бақылауға алынып, кент және елді мекендерде ай сайын суды гипохлорлауды жүргізіп, 3 дана акт жасалып 1 данасы Сырдария аудандық ТҚҚБ-на беріліп 2-ші данасы «Арал» салынып жатқан кәсіпорын бірлескен дирекциясының «Қазсушар» филиалына 3-ші данасы Сырдария өндірістік бөлімшесіне беріліп отырылады. Барлық су құбырларындағы құдықтар тазартылып, ауыз су сақтайтын резервуарларын, су

мұнараларын залалсыздандыру жұмыстары кесте бойынша жүргізіліп, сертификаттандырылған мекемемен жылына бір рет келісім шарт жасалып, уақытылы атқарылуда.

Шығып сөйлегендер: -

1. Кент тұрғыны ардагер Қ.Үдербаев: елді мекен халқына ауыз су сапасы жақсы, уақытылы, жұмысшы-қызметкерлерін уақытылы ақау шыққан жерлерін жөндеп, сапалы жасайтындығын, халыққа қызмет істеу оңай емес екендігін түсіндіріп айтты. Мен Совет одағының кезінде аудандық коммуналдық саласында мекемесінде директор болып қызмет жасадым, ол кездері мекемеге аудандағы коммуналдық мекемелермен коммуналдық үйлер, көшеге су себу, сыпыру, күл-қоқысын шығару, жылу, монша, қонақ үйі халыққа қызмет көрсететін мекеме әр кезде жылды шығынмен аяқтайтын, оны жергілікті бюджеттен жауып отыратын. Кәзіргі кезде мүлдем басқаша. Сондықтан бөлімшенің жұмысы жақсы деп бағалаймын.
2. Аудандық ТҮКШ және АЖ бөлімі бас маманы Б.Мырзахметов, елді мекен халқына ауыз су сапасы жақсы, уақытылы, 100% су есептегіш құралмен есептесіп отырғанындығын жеткізіп айтып, - жұмысшы-қызметкерлерін уақытылы ақау шыққан жерлерін жөндеп, сапалы жасайтындығын, халыққа қызмет істеу оңай емес екендігін түсіндіріп айтты.
3. Аудандық қоғамдық ұйымының төрағасы М.Омаров Теренөзек кентінде 24 сағат ауыз су беріліп тұрғандығын айтып, сервистік жүйе жүргізілгендігін, су есептегіш құралдар орнатылғандығын айтып қортындылады.


Қорытынды:

«Сырдария ауданының окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2018 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға беріледі.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланады. Өткізілген уақыты - сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы:

Хатшысы:



Ж.Сейтпенбетова

А.Тарбакова

ХАТТАМА

Жалағаш кенті

5 сәуір 2019 жыл

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында ауыз суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2018 жылдың қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы: Ж.Сейтпенбетова - «Арал» СЖКБД филиалының экономикалық-жоспарлау бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Н.Бекетов – «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі.

2. А.Сансызбаев – Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.

3. Ж.Сейтпенбетова – «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының экономикалық-жоспарлау бөлімінің басшысы.

4. А.Момынтаев - Жалағаш аудандық тұрғын үй коммуналдық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің маманы.

5. Ғ.Астанақұлов – Жалағаш кенті әкімшілігінің маманы.

6. С.Сығайбаев – «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі басшысының орынбасары.

7. Г.Дандибаева – «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің есепшісі.

8. Н.Баймаханова – «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің инженер-экономисті.

9. Хатшы Қ.Әбдуайтов – «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі Абонент бөлімінің басшысы.

Тұрғындар: А.Медеуов, А.Ермағамбетов, Р.Алмағамбетов, Ө.Тұрманов, С.Омаров, Е.Жұмағұл, А.Сапи.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

«Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі 2018 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі (Баяндамашы – Н.Бекетов – бөлімше басшысы).

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының экономикалық-жоспарлау бөлімінің басшысы Ж.Сейтпенбетова тыңдауды ашты.

Н.Бекетов күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2018 жылдың 1-қаңтарынан 31-желтоқсанға дейінгі кезеңдегі атқарылған жұмыстары бойынша баяндама жасады.

«Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі аудан көлемінде 15 елді мекенді, атап айтқанда: Жалағаш кенті, Ақсу, Аққұм, Аққыр, Аламесек, Бұқарбай батыр, Жаңаталап, Жаңадария, Еңбек, Қаракеткен, Мақпалкөл, Мырзабай ахун, Мәдениет, Таң және Шәменов елді мекендерінің 6461 үй немесе 32138 адамды (38 бюджеттік және 63 шаруашылық қызмет жүргізетін өзге де мекемелерге), үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз бойынша қызметін көрсетіп келеді.

Өндірістік бөлімшесінде жұмыс жасайтын 94 қызметкер, 9 дана автокөлік пен арнайы техникалар, 17 дана II-су көтеру насос стансасы, 38 дана су ұңғымасы, жалпы көлемі 11150 м³ су сақтау қоймасы мен 590 м³ (19 дана) су мұнарасы, 234,4 шақырым ішкі су тарату жүйелері мен 55 дана қоғамдық колонкалар арқылы халыққа ауыз су таратуда.

Аудан бойынша барлығы 6461 абоненттің 45,9% су есептегіш құралымен, 54,1% су есептегіш құралынсыз және 23,4% қоғамдық көше колонкасы арқылы ауыз суды пайдалануда.

Бөлімше бойынша 2018 жылы жоспарға сәйкес 680,322 мың текше метр ауыз таратылуы тиіс болса, нақты таратылғаны 686,681 мың текше метр.

ҚР табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2017 жылғы 11 шілдедегі №86-НҚ бұйрығымен 2017 жылдың 1 тамызынан бастап 1 текше метр ауыз судың құны ҚҚС-сыз 345,49 (ҚҚС-мен 386,95) теңгені құрайтын тариф бекітіліп, тұрғындарға су есептегіш құралымен 1 текше метр ауыз суға 30 теңгеден, су есептегіш құралынсыз 1 текше метр ауыз суға 40 теңгеден, ал мекемелерге тарифтің толық құнымен төлем жасайды.

2018 жылы 800,894 мың текше метр ауыз су жер астынан өндіріліп, 686,681 мың текше метрі тұтынушыларға таратылса, 114,213 мың текше метрі ысырап болды. Оның ішінде: насос станцияларының аулаларын көркейту-көгалдандыру жұмыстарына, өрт сөндіру шығыны, су құбырлары бойында болған ақауларға және жоспарлы түрде су қоймалары мен ауыз су жүйелерін көктемгі-күзгі жуып-шаю жұмыстарына.

Жалағаш кенті және Ақсу, Аламесек, Еңбек, Бұқарбай батыр, Жаңаталап, Таң, Шәменов, Қаракеткен, Мырзабай ахун елді мекендеріне тәулік бойы үздіксіз 24 сағат ауыз су таратылуда. Сервистік су жүйесі толық жүргізілмеген Аққұм, Мәдениет елді мекендеріне тәулігіне 8-10 сағат, ал Аққыр, Жаңадария, Мақпалкөл елді мекендеріне тәулігіне 3-6 сағат ауыз су беріліп отыр.

«Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасына» сәйкес 2017-2018 жылдары аралығында Қаракеткен, Шәменов және Мырзабай ахун елді мекендерінің ауыз су жүйесіне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, толық пайдалануға берілді.

Осы бағдарлама аясында, Аққыр, Жаңадария, Мақпалкөл елді мекендерінің ауыз су жүйесіне қайта жаңғырту жұмыстары 2018 жылы

басталып, үстіміздегі жылдың шілде-тамыз айларында толық аяқталып, пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Жыл басынан бері ауыз суға қарызы қордаланған тұтынушылардан төлем ақы өндіру үшін бөлімше мамандарымен барлығы 12 рейд жұмысы ұйымдастырылды. Рейд нәтижесінде 362,1 мың теңге төлем жиналды.

Жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарын бекітілген кестеге сәйкес атқару және жоспарда жоқ ақауларды қалпына келтіру жұмыстарына барлығы 1352,9 мың теңге қаржы жұмсалды.

Ауыз су нысандарында жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарының бекітілген кестесіне сәйкес кент және елді мекендер бойынша насос станса ауласындағы және ішкі су тарату құбырлары бойында орналасқан 148 дана көру құдықтарының іші қоқыс пен лайдан тазартылып, ішіндегі ашып-жабу арматураларына, өрт гидранттарына техникалық күтім жасалды. Ішкі су тарату құбырлары бойында орналасқан шойын қақпақтары жарамсыз болған 12 дана көру құдығына топсалы шойын люктер жаңадан орнатылып, ішіндегі істен шыққан 45 дана задвижкалары ауыстырылды. I-II су көтеру насос стансаларында орналасқан насос агрегаттарын және ашып-жауып реттегіш арматураларын майлап-сырлау, сальникті тығындарын ауыстыру, подшипниктерін майлау немесе ауыстыру, техникалық күтім жасау жұмыстары өз кезегімен жүргізілді.

Сондай-ақ барлық су тарату бекеттеріндегі қосалқы электр стансаларына қажетті техникалық күтім жасалып, трансформатор майлары тексерілді. Істен шыққан немесе жарамсыз күйдегі электр жабдықтарын ауыстыру және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін, жалпы сомасы 1086,07 мың теңге қаражат жұмсалынған. Ауыз сумен жабдықтау нысандарын жарықтандыру және насос қондырғысы арқылы үздіксіз ауыз су тарату бойынша электр энергиясының шығыны 25085,3 мың теңгені құрайды. Және де электр қондырғыларына техникалық күтім жасау жұмыстарына 811,59 мың теңге қаражат жұмсалынған.

Жоспарлы түрде көктемгі мезгілде сәуір айында, күзгі мезгілде қазан аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық ішкі су тарату желілеріне және су қоймаларына жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді. Осы жұмыстарды атқару үшін жалпы сомасы 904,54 мың теңгеге гипохлорид кальция жұмсалынған.

Өндірістік бөлімшедегі жұмысшылардың барлығына арнаулы жұмыс киімдерімен қамтамасыз етілген.

2018 жылы барлық ауыз су нысандарының аумағын жасыл желекке айналдыру мақсатында санитарлық тазарту жұмыстары жүргізіліп, 17 нысан бойынша арықтар қазылып, тал отырғызылды.

Өз пікірін білдіру үшін сөз алған Жалағаш кенті, Нысанбай жырау көшесінің тұрғыны А.Ермағамбетов су есептеуіш құралын орнатқаннан кейінгі тиімділігін айта келе, тұрғындарға су есептегіш құралын орнатып алу қажеттілігін жеткізді.


Кент тұрғыны А.Медеуов қазіргі таңда тәулік бойы су ағып тұрғандығын тілге тиек етіп, ауыз су пайдалануда ысырапқа жол бермей, үнемдеу керектігін айта келе, 2018 жылы өндірістік бөлімшенің нәтижелі атқарған жұмыстарына ризашылықтарын білдірді.

Қорытынды:

«Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2018 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт: сағат 15⁰⁰-ден – 17⁰⁰-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы



Ж.Сейтпенбетова

Хатшы:



К.Әбдураитов

**«Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы»
өндірістік бөлімшесіне қарасты елді-мекендерге «Ауыз су мен кәріз су
қызметін қамтамасыз ету» туралы 2018 жылы атқарған жұмыстары
бойынша жылдық қорытынды есеп беру жиналысының**

ХАТТАМАСЫ

Қызылорда қаласы

08 сәуір 2019 жыл

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

«Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы»
өндірістік бөлімшесінің 2018 жылғы атқарылған жұмыстарының жылдық есебі
туралы

Жиналыстың өткізілген орны: Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті,
А.Құнанбаев көшесі, ғимарат 1Н.

Баяндамашы: Өндірістік бөлімше басшысы - Байтасов Булатбек Кескирович.

Тыңдаудың төрағасы: Е.Ақпаев – «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын
пайдалану бөлімінің басшысы.

Хатшысы: С.Жүнісова – «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау
жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің іс-жүргізуші, кадр
инспекторы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

А.Сансызбаев – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи
монополияларды реттеу бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын
қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи
монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.

*Бөлімше басшысының орынбасары – Т. Жакипбеков, Бөлімшенің инженер-
технологы – Е.Жубаев, бөлімше қызметкерлері .*

Тұрғындар:

Талсуат а/о - А.Нұрпейсова – Құмкөл к-сі тұрғыны, К.Балмолдаева - Акмешит
61 "а" үй тұрғыны;

Абай ауылы – А.Кенебаев – Махамбетов к/сі – тұрғыны, Л.Абжаппарова – Абай
н/ж;

Белкөл кенті - А.Дарменова – Новый № 11 үй тұрғыны, Г.Мырзатова – Новый 1/83 үй тұрғыны, М.Сейлова – Белкөл 1/15 үй тұрғыны, С. Нурумбетова -3 линия 47 үй тұрғыны;

Ақсуат а/о - К.Жакенова – Өткелбаев 19, Г.Айдар – О.Жакенова № 46, Г.Дуйсембаева – Махамбетов к-сі, Е.Остаев – Ө.Құлманов к/сі, М.Байкенов – 1 көше тұрғыны;

Талдыарал е/м - Т.Шантиев – Исаев 5, К.Жолманов – Талдыарал 5/2 үй тұрғыны.

«Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі 2018 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі (Баяндамашы – Б.Байтасов – бөлімше басшысы).

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы – Е. Ақпаев тыңдауды ашты.

Облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы Көшербаевтың бастамасымен, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің қолдауымен, 2017 жылдың 1 маусымынан бастап Қызылорда облысы бойынша ауыз сумен қамтамасыз ететін бірінғай оператор құрылып, «ҚАЗСУШАР» ШЖҚ РМК «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы теңгеріміне беріліп «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі құрылды.

Қызылорда қаласына қарасты 7 ауылдық округ оның ішінде 14 елді мекеннің ауыз су және кәріз су жүйелері филиал теңгеріміне қабылданып «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесіне берілді.

Өндірістік бөлімше 12-елді мекенді және Талсуат елді мекені маңында орналасқан «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының» оңалту орталықтарын, Талдыарал елді мекені маңында орналасқан «Қазақ Республикалық лепрозориі» ММ-н тәулігіне 24 сағат, ал 2-елді мекенді қажеттілік болмауына байланысты тәулігіне 2-8 сағат, сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіп отыр.

Өндірістік бөлімшенің 2018 жылдық қорытындысы бойынша халық саны **27 275** адам болса, **5 106** тұтынушы яғни **4 979** жеке тұлға, **127** заңды тұлға сапалы таза ауыз сумен қамтамасыз етіліп отыр. Өндірістік бөлімшеге қарасты **4 883** тұтынушы яғни 96% су есептеу құралымен қамтылған.

2018 жылдың қорытындысы бойынша жеке тұлғаларға **613 506,00м³** заңды тұлғаларға **155 698,76м³** барлығы **769 204,76м³** ауыз су таратылды.

2017 жылдың 1-маусымынан бері қарай оқшау су жүйелеріне қосылған елді мекендерді үздіксіз сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылды, атап айтар болсақ:

Өндірістік бөлімше теңгеріміндегі су қоймасының құрылымдарына, елді мекендердің ауыз су жүйесіне, кәріз су насос станцияларына (КНС), кәріз су жүйесіне алдын-ала жөндеу жұмыстарына сәйкес күтім жасалып, орын алған апаттық (авариялық) жағдайлар дер кезінде қайта қалпына келтіріліп келеді.

-ППР бойынша ЗРА-301шт, ПГ-124шт, ВК-332шт ағымдағы жөндеуден өтті

-2790 дана көшет, 50 м2 жерге гүл егілді .

-көру құдықтарының 70 данадан аса шойын қақпақтары ұрланып кетуіне байланысты, темір бетон қақпақтарын қолдан құйып дайындау жұмыстары жүргізілді және жалғасын табуда.

Тұтынушыларды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында, ауыз судың сапасы жергілікті санитарлық-эпидемиологиялық қызмет көрсету мекемелері арқылы келісім-шарт негізінде қадағаланып отырады. 2018 жылдың мамыр және қыркүйек айларында ауыз су жүйелері мен таза су қоймаларына (резервуар) жуу-шаю залалсыздандыру (дезинфекциялау) жұмыстары жүргізілді.

Өндірістік бөлімшеге қарасты елді мекендердің жергілікті басқарушы органдарымен бірлесе отырып атқарылған жұмыстар оңтайлы нәтижесін беріп «Өңірлік даму 2020» бағдарламасы бойынша қала әкімшілігі тарапынан қолдау көрсетіліп, ауыз су және кәріз су жүйелерін қайта жаңғырту және кеңейту жұмыстары бойынша жобалық сметалық құжаттамалары дайындалып бірқатар құрылыс жұмыстары атқарылды және атқарылуда.

Қорытынды:

«Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2018 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Өткізілген уақыты: 10:00-12:00 дейін.

Тыңдаудың төрағасы:



Е.Ақпаев

Хатшы:



С.Жүнісова

Х А Т Т А М А

Арал қаласы

09 сәуір 2019 жыл

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің магистральдық су құбыры мен таратушы желілер арқылы су жеткізіп беру қызметін пайдаланушы тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2018 жылдың қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы: Е. Ақпаев – «Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. А.Сансызбаев - Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
2. И. Қапаров – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
3. А. Тасқынбаев – Арал аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысы.
4. А. Абдиханов – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі басшысының орынбасары.
А. Ахмет – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің басшысы.
5. А.Илиясов – «Нұр Отан» «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі бастауыш партия ұйымының төрағасы.
6. С.Елеуова – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің инженері.
7. Б. Төлегенов – «Арал–Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
8. К.Маханова - «Арал–Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің басшысы.
9. Ж. Байниязова – Арал қаласы Д.Конаев көшесінің тұрғыны
10. Н. Жакупов - Арал қаласы Б. Майлин көшесінің тұрғыны
- 11.Ө. Жұмахметов Арал қаласы Сатаев көшесінің тұрғыны

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2018 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы: Бөлімше басшысы – И. Қапаров).

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Арал» СЖКБД филиалының су шаруышылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Е. Ақпаев тыңдауды ашты.

Бөлімше басшысы И. Қапаров күн тәртібінде қаралатын мәселе бойынша бөлімшенің 2018 жылғы Арал ауданы тұрғындарын, (тұтынушыларын) ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстарға баяндама жасады.

«Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі Арал және Қазалы аудандарының 130 мыңға жуық тұрғындары мен мекемелерін тұрақты әрі сапалы ауыз сумен қамтамасыз етеді. Бекітілген ауыз – су тарифі ҚҚС-мен 498,29 теңге, су есептегіші бар тұрғындар осыдан әрбір пайдаланған ауыз судың 1 текше метріне 30 теңгеден, есептегіші жоқ тұрғындар 40 теңгеден ақша төледі. Бекітілген тарифпен екі арадағы айырмашылық қаржы Республикалық бюджеттен субсидия есебінде төленіп, Республикадан бөлінетін субсидия толығымен игерілді.

«Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2018 жылдың қорытындысы бойынша 14136 тұтынушы яғни 67919 халықты таза ауыз сумен қамтамасыз етіп отыр. «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі бойынша 11492 тұтынушы су есептеу құралымен қамтылған, яғни 81 пайыз. 13759 тұтынушы жеке тұлға, 377 заңды тұлға. Халыққа 1278532,5 текше метр ауыз су берілсе, заңды тұлғаға 225810,44 текше метр, барлығы 1504342,94 текше метр ауыз су таратылды.

Өндірістік бөлімшеге қарасты магистральды су құбыры бойындағы жиі апатты жағдай орын алып, көп мөлшерде ауыз су шығыны болып тұрған құбырлар жаңадан ауыстырылды. Сонымен қатар Арал қалалық ішкі су құбыры бойындағы қыс айларында қатып тұрған көшелерге тереңдетіп қазып қайта көму және топырақпен биіктетіп көму жұмыстары жүргізілді.

Атап айтқанда:

- НС №6 Лагерь 1 а – НС №7 Райым 2 а бағытындағы д-225мм 1,3км құбыр жаңадан ауыстырылды.
- Арал қаласы Қазанғап көшесі су құбырын тереңдетіп қазып қайта көму жұмыстары жүргізілді.
- №20 Арал қалалық насос стансасындағы V-5000м³ №1 су қоймасы мен насос стансасы аралығындағы құбырды ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

«Нұрлы жол» бағдарламасы аясында ішкі су желілерін жаңғырту жобасының жұмыстары бойынша 2018 жылы құрылыс жұмыстары аяқталып пайдалануға берілді.

1. Сексеуіл кенті ішкі су құбыры
2. Көнту елді мекені
3. Шижаға елді мекенінің ішкі су құбыры
4. Аралқұм елді мекенінің ішкі су құбыры
5. Қамыстыбас елді мекенінің ішкі су құбыры
6. Аманөткел елді мекенінің ішкі су құбыры
7. Бөген елді мекенінің ішкі су құбыры

Өндірістік бөлімше өз күшімен атқарылған жұмыстар

- Шоқсу насос стансасынан Сексеуіл елді мекенінің жаңа насос стансасына су құятын етіп 60 метр құбыр д-200мм 2 дана задвижка салынды.
- Бердікөл насос стансасы ауласындағы камерасында орнатылған д-600мм затвор ауыстыру жұмыстары жүргізілді.
- Бердікөл наклонный резервуарының шығысындағы камерадағы д-430мм, ұзындығы 4 метр құбырын д-500мм құбырына ауыстырып, д-500мм затвор орнату жұмыстары жүргізілді.
- Өндірістік бөлімшенің тарапынан техникалар жұмылдырылып, аудан әкімшілігінен топырақ тасымалдауға рұқсат алып, коммуналдық мекемелерден арнайы техника (погрузчик) жалдап Арал қаласының Кутузов тұйығы, Каденов, Вокзальная көшелерінің су құбырлары топырақпен биіктетіп көму, қымтау жұмыстары жүргізілді.
- Өндірістік бөлімшенің 12 жұмысшы – қызметкері жұмылдырылып, қойма ғимаратының еденін құю, қабырғаларын 2 метр биіктікте сылап әктеу жұмыстары жүргізілді.
- 10 жұмысшы – қызметкер жұмылдырылып, гараж ғимаратының 192м² метр қабырғаларын сылап, әктеу және терезелеріне әйнек салып түгендеу жұмыстары жасалды.
- Арал қаласының ішкі су желісіндегі су құдықтарының ұрланған қақпақтар бетін жабу үшін бөлімшеде 700x700x70мм темір каркасты темір-бетон құдық қақпағын дайындап құю жұмыстары басталып, қазіргі таңда 20 дана құдыққа орналастырылды.

Қазіргі уақытта өндірістік бөлімшеде 283 жұмысшы – қызметкер еңбек етеді. Инженерлік-техникалық қызметкерлермен толық қамтылған. Жұмысшы – қызметкерлердің барлығы арнаулы жұмыс киімдерімен қамтамасыз етілген, еңбек ақылары уақытылы беріліп тұр.

Ауыз су тұтынушылар атынан Арал қаласы Д. Қонаев көшесінің тұрғыны Ж. Байниязова жыл көлемінде ауыз-сумен үздіксіз қамтамасыз ету барысында атқарылған жұмыстарына оң бағасын беріп, бөлімше қызметкерлеріне алғысын берді.

Қорытынды:

«Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2018 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыты – сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы:

Хатшысы:


Е. Ақпаев


А. Илиясов

ХАТТАМА

Әйтеке би кенті

10 сәуір 2019 жыл

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2018 жылдың нәтижесі бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы : Е.Ақпаев – «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

- 1.Ә.Ахмет – Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің басшысы.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Б.Абибуллаев – Қазалы аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бас маманы
- 4.А.Тусипбекова – «Даулет-энерго» ЖШС-гі Қазалы филиалының директоры.
- 5.И.Қапаров – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
6. Б.Асербаев – Қызылорда Су шаруашылығы филиалының «Қазалы су торабы» бөлімшесінің басшысы..
- 7.Т.Алданазаров - «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
8. Е.Мұхаш – «ҚЭТТК" АҚ-ның Қазалы аудандық электр торабының басшысы
- 9.Н.Аймағамбет - Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесі басшысының орынбасары.
- 10.Хатшы - А.Қалқаманов - Арал–Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің есепшісі.

Тұрғындар: Эль-Фараби көшесі № 22 үйдің тұрғыны Жалимбетов Нуржан, Эль-Фараби көшесі № 25 үйдің тұрғыны Қосуақов Алтынбек, Аманжолов көшесі № 16 үйдің тұрғыны Қожахметов Мұрат, Қазалы қаласы Әйтеке би көшесі № 3 үйдің тұрғыны Жолдаяқов Бақытбек, Басықара елді мекенінің тұрғыны Шалмен Мұхтар және тағы басқалар.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

1. Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесі 2018 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы – Ә.Ахмет-бөлімше басшысы)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Е.Ақпаев тыңдауды ашты.

Ә.Ахмет күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2018 жылдың 1-қаңтарынан 31-желтоқсанға дейінгі кезеңдегі атқарылған жұмыстары бойынша баяндама жасады.

Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесі аудан көлемінде 22 елді мекенді, атап айтқанда: Әйтеке би кенті, Қазалы қаласы, Ақтан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Жалпақ, Майдакөл, Түктібаев, Абай, Өркендеу, Бірлік, Қожабақы, Аранды, Пірімов, Жалантөс, Басықара, Лахалы, Отгон, Кәукей, Бозкөл, Тасарық және Мұратбаев ауылдары тұрғындарын және 356 мекеме мен кәсіпорындарды таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істейді.

Қазалы өндірістік бөлімшесінде 191 қызметкер жұмыс жасайды, 16 дана техникасы, 23 насос стансасы (оның ішінде: 1-уі «Су тазалау-тарату» стансасы, 8-і су тарату-көтеру, 14-і су тарату стансасы), 2 дана су қыспақты мұнарасы, 301 шақырым бас су құбырлары, 342 шақырым ішкі су тарату және 247 шақырым сервистік су желілері мен 200 дана қоғамдық колонкалар арқылы халыққа ауыз су тарату қызметін көрсетуде. Бөлімше бойынша 2018 жылы жоспарға сәйкес 1 220 762 текше метр ауыз су таратылуы тиіс болса, нақты таратылғаны 1 260 686 текше метр, қаржылай көрсеткіші 116 028 320 теңге болса, оның ішінде: тұрғындарға 1 107 102 текше метр, қаржысы 34 224 490 теңге, жиналғаны 34 458 766 теңгені құрап 100,7 пайызға орындалды. Ал мекемелерге: 153 584 текше метр, қаржысы 81 803 830 теңге, жиналғаны 73 672 767 теңгені құрап 90 пайызға орындалды. Ал, қалған пайызының орындалмау себебі: Аудандық аурухана МКҚК ауыз су төлемімен толық есептеспеуінен болып отыр. Аталған кәсіпорынның 31.12.2018 жылға бережағы: 8 131 063 (қыркүйек-желтоқсан 2018ж) теңге болып тұр.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2018 жылғы 04 маусымдағы №75-НҚ бұйрығымен 1 текше метр ауыз суға ҚҚС-сыз **444,90** теңге, ҚҚС-мен **498,29** теңгені құрайтын уақытша өтемдік тарифы бекітіліп, тұрғындарға су есептегіш құралымен 1 текше метрге 30 теңгеден, су есептегіш құралынсыз 1 текше метрге 40 теңгеден, ал мекемелерге тарифтің толық құнымен таратылды.

“Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры” өндірістік бөлімшесі арқылы 2018 жылы қабылданған 1 370 804 текше метр ауыз судың 1 107 102 текше метрі тұтынушыларға таратылып, 110 118 текше метрі ысырап болды. Оның ішінде: насос станцияларының аулаларын көркейту-көгалдандыру жұмыстарына – 23 214 текше метр, өрт сөндіру шығыны – 9 669 текше метр, су құбырлары бойында болған ақауларға – 3 475 текше метр және жоспарлы түрде су қоймалары мен ауыз су жүйелерін көктемгі-күзгі жуып-шаю жұмыстарына – 73 760 текше метрді құрады.

2018 жылы жоспарда жоқ ақауды жөндеу жұмыстарына барлығы 116 541 теңге қаржы жұмсалып, ішкі су тарату желісі және магистралды су құбыры бойында орын алған барлық 97 ақау жөнделіп қалпына келтірілді. Оның ішінде: магистралды су құбыры бойында 17 ақау, ішкі су тарату желісінде 80 ақау орын алды. Осы ішкі су тарату желісіндегі болған 80 ақаудың 54-і Әйтеке би кентінде, 17-і Қазалы қаласында, 7-уі Мұратбаев, 1-уі Басықара және 1-уі Бекарыстан би елді мекендері бойынша тіркелді.

Барлық тіркеліп, қалпына келтірілген 97 ақауға 3 475 текше метр ауыз су ысырап болды. Сервистік су жүйесі жүргізілген Әйтеке би кенті және су есептегіш құралы толық орнатылған елді мекендерге тәулік бойы үздіксіз ауыз су таратылуда. Ал сервистік су жүйесі жүргізілмеген қоғамдық колонкасы арқылы пайдаланатын елді мекендер тұрғындарына ауыз су норма бойынша белгіленген уақытпен таратылып келеді.

Жыл басынан бері мемлекеттен бөлінген субсидияны игеру мақсатында ауыз суға қарызы қордаланған тұтынушылардан төлем ақы өндіру үшін бөлімшеде барлығы 87 рейд ұйымдастырылды. Рейд нәтижесінде 1 970 161 теңге төлем жиналды.

Есепті кезеңде қаржылай көрсеткіші 4 711 951 теңгені құрайтын жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстары атқарылып, бекітілген кестеге сәйкес кент, қала, ауылдық елді мекендер бойынша су тарату бекеттерінің ауласындағы және ішкі су тарату құбырлары бойында орналасқан 228 дана көру құдықтарының іші лайдан тазартылып, ішіндегі ашып-жабу арматураларына, өрт гидранттарына техникалық күтім жасалды.

Асфальт жолдың бойында ауыр жүк көліктері үстінен басып өту салдарынан үгітіліп сынып, жарамсыз болған Әйтеке би кентінде 10 дана көру құдықтарының темір-бетон қақпақтарын ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ көшелердегі су құбыры бойындағы істен шыққан 5 дана қоғамдық колонка жөнделіп, 2 дана өрт гидранты ауыстырылды. Әйтеке би кентіндегі 8 дана қоғамдық колонка сырланып, айналасына тазарту жұмыстары жүргізілді. Қазалы қаласы бойынша жаңадан жүргізілген су құбырлары пайдалануға берілуіне байланысты барлық ескі су құбырлары толықтай ажыратылды.

Жоспарлы түрде көктемгі маусымдық жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары 10.04-19.04.2018 жыл аралығында, күзгі маусымдық жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары 02.10.-16.10.2018 жыл аралығында аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық ішкі су тарату желілеріне, магистралды су құбырына және су қоймаларына жүргізілді. Барлық су тарату бекеттерінде санитарлық тазалық, әктеу, сырлау жұмыстары атқарылды.

2018 жылы барлық ауыз су нысандарының аумағын жасыл желекке айналдыру мақсатында санитарлық тазарту жұмыстары жүргізіліп, 26 нысан бойынша 855 метр аяқ су жүретін арықтар қазылып, 7250 дана тал отырғызылды. Бұрыннан көктеп тұрған 9088 данасын қосқанда барлық тал саны -16 338 дана. Сондай-ақ 3258м² жерге жоңышқа тұқымы, 1242 м² жерге гүл егілді.

Жазғы маусымда 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында Әйтеке би кентіндегі қоғамдық колонкалардың қалыпты жұмыс істеуі қадағаланып,

тұтынушыларға су алып болған соң жауып кету туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Басықара елді мекені бойынша сервистік су желісі жүргізіліп пайдалануға берілді. Түктібаев ауылында сервистік су құбырлары жүргізу жұмыстары аяқталып, қазіргі уақытта тұрғындарға су есептегіш құралын орнату жұмыстарыда жүргізілуде. Алдағы уақытта жаңадан сервистік су желісі жүргізілген елді – мекендердегі қоғамдық колонкаларды ажырату жұмыстары атқарылады. Жанқожа батыр, Майдакөл, Бекарыстан би және Жалпақ елді- мекендерінің үйлеріне ішкі су сервистік жүйесін жүргізуге жобалық сметалық құжаттары дайындалып, мемлекеттік сараптамадан өткізілді. Қазіргі таңда облыстық бюджеттік жоспарлау басқармасына сұраныс беріліп, қаржысы күтілуде.

Өндірістік бөлімшедегі жұмысшылардың барлығы дерлік арнаулы жұмыс киімдерімен қамтамасыз етілген, еңбек ақылары уақытылы беріліп тұр.

Шығып сөйлегендер:

Б.Асербаев – Қызылорда Су шаруашылығы филиалының «Қазалы су торабы» бөлімшесінің басшысы: - өз сөзінде басқа облыстармен салыстырғанда біздің ауданның тұтынып отырған ауыз судың сапасы жоғары болып келеді. Қазіргі уақытта бұрын сапасыз ауыз судан болатын жедел-ішек аурулары тиылды. Тұрғындарды тіршілік нәрімен тұрақты қамтамасыз етіп отырған бөлімше ұжымына ризашылығымды білдіремін.

Е.Мұхаш – «ҚЭТТК" АҚ-ның Қазалы аудандық электр торабының басшысы: - өз сөзінде ауданымызда халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруде біршама игі істер атқарылып жатқандығын айта келе, бөлімшенің жұмысында ілгерілеушілік бар екенін білдірді.

Т.Алданазаров - «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы: «2018 жылы атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанына көз жеткіздік. Филиалға қарасты өндірістік бөлімшелер арасында барлық көрсеткіштер жағынан алдыңғы қатарда келе жатқан бөлімшеде үлгі аларлық жұмыстар бар екен»-деп атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

А.Тусипбекова – «Даулет-энерго» ЖШС-гі Қазалы филиалының директоры - Ауызбіршілігі жарасқан бөлімше қызметкерлері тұтынушыларды тұрақты ауыз сумен қамтамасыз етумен қатар үйлердегі су құбырларына техникалық қызмет көрсету жұмыстарын қолға алған. Сонымен қатар ауылдық жерлерде сервистік су желілерімен қамтамасыз ету жобалары іске асқан жағдайда, ауданымызда ауыз су мәселесі түбегейлі шешілетіндігіне көзіміз жетіп отыр. Алдағы уақытта бөлімшенің жұмысына сәттілік тілеймін.


Ауыз су тұтынушылар атынан : Эль-Фараби көшесі № 22 үйдің тұрғыны Жалимбетов Нуржан, Эль-Фараби көшесі № 25 үйдің тұрғыны Қосуақов Алтынбек, Аманжолов көшесі № 16 үйдің тұрғыны Қожахметов Мұрат, Қазалы қаласы Әйтеке би көшесі № 3 үйдің тұрғыны Жолдаяқов Бақытбек, Басықара елді мекенінің тұрғыны Шалмен Мұхтар тәулік бойы ауыз сумен қамтамасыз етілгендігін тілге тиек етіп, 2018 жылы өндірістік бөлімшенің нәтижелі атқарған жұмыстарына ризашылықтарын білдірді.

Қорытынды:

Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің 2018 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға жиналысқа қатысушылар тарапынан «жақсы» деген баға берілді.


Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 10⁰⁰нан-12⁰⁰-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы



Е.Ақпаев

Хатшы:



А.Қалқаманов

ХАТТАМА

Әйтеке би кенті

10 сәуір 2019 жыл

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2018 жылдың нәтижесі бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың төрағасы : Е.Ақпаев – «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.

Есепті тыңдауға қатысушылар:

- 1.Т.Алданазаров - «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
2. А.Сансызбаев Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Б.Абибуллаев – Қазалы аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бас маманы
- 4.А.Тусипбекова – «Даулет-энерго» ЖШС-гі Қазалы филиалының директоры.
- 5.И.Қапаров – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
6. Б.Асербаев – Қызылорда Су шаруашылығы филиалының «Қазалы су торабы» бөлімшесінің басшысы.
7. Е.Мұхаш – «ҚЭТТК" АҚ-ның Қазалы аудандық электр торабының басшысы
- 8.Ә.Ахмет – Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің басшысы.
- 9.Н.Аймағамбет - Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесі басшысының орынбасары.
- 10.Хатшы – Ж.Сарқытұлы «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі инженер-технологі.

Тұрғындар: Ақсуат елді мекені, Амангелді көшесі №15 үйдің тұрғыны Сүйінов Ердәулет, Ақсуат елді мекені А.Өмірзақова №14 Шығабаяев Жанабай, Майлыбас елді мекені, Майлыбас №34 үйдің тұрғыны Дәрменқұлов Сайлаубай, Әйтеке би кенті, ПМС №2 үйдің тұрғыны Сатбаева Жәния, Медетбаев №26 Абділдаев Серік тағы басқалар.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер : «Қазалы ауданының окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2018 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзгеде мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы: Өндірістік бөлімше басшысы-Т.Алданазаров).

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы -«Арал» СЖКБД филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Е.Ақпаев тыңдауды ашты.

Бөлімше басшысы Т.Алданазаров күн тәртібінде қаралатын мәселелер бойынша өндірістік бөлімшенің 2018 жылғы Әйтеке би кенті және де кентке қарасты елді-мекен тұрғындарын,(тұтынушыларын) ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстарға баяндама жасалды.

ҚР 2011 жылғы 1 наурызындағы заңына және «Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру туралы қағидасын бекіту туралы» №616 қаулысымен Байқожа локальды су жүйесін Қазалы ауданының коммуналдық мүлік деңгейінен республикалық меншікке беру туралы Қызылорда облысының «Казсушар»РМК «Арал» салынып жатқан кәсіпорындарының біріккен дирекциясы филиалының теңгеріміне өтіп, 01.06.2017 жылдан бастап «Қазалы ауданының окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі болып ашылды.

Бөлімшеге қарасты №6 насос стансасы, 6-дана ұңғымасымен Байқожа елді-мекені, Ақсуат елді-мекені, №98 Еңбекшіқазақ разъезді, Майлыбас ауылы, №99 Қызыл әскер бекеті, Көбек елді-мекені, № 97 Ойыңды бекеті, №96 Алтай бекеті және Әйтеке би кентінен Қорқыт ата, ПМС көшелерін 450 абонент 2013 адамға және 46 мекемелерді таза ауыз сумен қамтамасыз етті.

Бөлімше бойынша 36 жұмысшы-қызметкерлер және 1 дана Беларус-920 тракторы, 1-дана УАЗ Фермер және 1-дана шевролет нива автокөлігімен жұмыс атқарылды.

2018 жыл бойынша өндірістік бөлімше таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында 401456 текше метр су өндіріліп, 309156 текше метр ауыз су таратылды. Жаңадан қабылданған магистральды су құбырының апаттық жағдайда болуына байланысты, әр жерден 64-дана апаттық жағдай қалпына келтірілді, соның салдарынан 92300 текше метр су шығыны болды.

Бекітілген ауыз су тарифы ҚҚС-мен 386,95 теңге, су есептегіш құралы бар тұтынушы тұрғындар осыдан пайдаланған ауыз судың 1 текше метріне 30 теңгеден ал су есептегіш құралынсыз пайдаланып отырған тұтынушылар 40

тенгеден су ақысына есептеседі. Бекітілген тарифпен екі ардағы айырмашылық қаржы Республикалық бюджеттен субсидия есебінен төленіп отырады. Бұл туралы Республикадан бөлінетін субсидия толығымен игерілді.

2018 жылы абоненттерге су құбырлары жүргізілді.

Атап айтқанда:

1. Байқожа елді мекені 63 абонент, оның 47 абонентке су құбыры жүргізілді, қалғаны 16 абонент.
2. Еңбекшіқазақ елді мекені бойынша 8 абонент, оның 6 абонентке су құбыры жүргізілді, қалғаны 2 абонент.
3. Майлыбас елді мекені бойынша 35 абонент, оның 12 абонентке су құбыры жүргізілді, қалғаны 23 абонент.
4. Қызыләскер елді мекені барлығы 1 абонент толығымен жүргізілді.
5. Көбек елді мекені бойынша 17 абонент, оның 4 абонентке су құбыры жүргізілді, қалғаны 13 абонент.
6. Алтай елді мекені бойынша 9 абонент толығымен жүргізілді.

Авариялық жағдайда тұрған насос агрегаттарын ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

1. Байқожа елді-мекенінде орнатылған ЭЦВ 8-40-90 1 дана

Қазіргі таңда, Ақкесек жеріндегі №3, №4 және №5 скважиналары және Байқожа елді-мекені су көтеру бекетінде орнатылған скважина арқылы күнделікті 1300-1500 м³ аралығында өндіріліп отырған ауыз судан Байқожа, Майлыбас, Көбек, №98 Қызыләскер, №99 Еңбекші қазақ Ойынды, Алтай елді мекендеріне тәулігіне 200 м³ ауыз су таратылып, 1100-1200 м³ ауыз су Әйтеке би кенті №6 су көтеру бекетіне қабылданып, «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы өндірістік» бөлімшесіне қарасты №1 су көтеру-тарату бекетіне жыл бойына 240040 м³, тәулігіне 600-800 м³ аралығында су беріліп, осы аталған су тарату бекеті арқылы мекемелерге және тұтынушы тұрғын үйлерді таза ауыз сумен 24 сағат үздіксіз қамтамасыз етіп отыр.

Оның ішінде:

Бюджеттік мекеме саны-17

Өзгеде мекемелер саны-29

Тұрғын үйлер саны-450

Халық саны-2013

Шығып сөйлегендер:

Б.Асербаев – Қызылорда Су шаруашылығы филиалының «Қазалы су торабы» бөлімшесінің басшысы: - өз сөзінде басқа облыстармен салыстырғанда біздің ауданның тұтынып отырған ауыз судың сапасы жоғары болып келеді. Қазіргі уақытта бұрын сапасыз ауыз судан болатын жедел-ішек

аурулары тиылды. Тұрғындарды тіршілік нәрімен тұрақты қамтамасыз етіп отырған бөлімше ұжымына ризашылығымды білдіремін.

Е.Мұхаш – «ҚЭТТК» АҚ-ның Қазалы аудандық электр торабының басшысы: - өз сөзінде ауданымызда халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруде біршама игі істер атқарылып жатқандығын айта келе, бөлімшенің жұмысында ілгерілеушілік бар екенін білдірді.

А.Тусипбекова – «Даулет-энерго» ЖШС-гі Қазалы филиалының директоры - Ауызбіршілігі жарасқан бөлімше қызметкерлері тұтынушыларды тұрақты ауыз сумен қамтамасыз етумен қатар үйлердегі су құбырларына техникалық қызмет көрсету жұмыстарын қолға алған. Сонымен қатар ауылдық жерлерде сервистік су желілерімен қамтамасыз ету жобалары іске асқан жағдайда, ауданымызда ауыз су мәселесі түбегейлі шешілетіндігіне көзіміз жетіп отыр. Алдағы уақытта бөлімшенің жұмысына сәттілік тілеймін.

Ауыз су тұтынушылар атынан : Эль-Фараби көшесі № 22 үйдің тұрғыны Жалимбетов Нуржан, Эль-Фараби көшесі № 25 үйдің тұрғыны Қосуақов Алтынбек, Аманжолов көшесі № 16 үйдің тұрғыны Қожахметов Мұрат, Қазалы қаласы Әйтеке би көшесі № 3 үйдің тұрғыны Жолдаяқов Бакытбек, Басықара елді мекенінің тұрғыны Шалмен Мұхтар тәулік бойы ауыз сумен қамтамасыз етілгендігін тілге тиек етіп, 2018 жылы өндірістік бөлімшенің нәтижелі атқарған жұмыстарына ризашылықтарын білдірді.

Қорытынды:

«Қазалы ауданының окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2018 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға жақсы деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды.Өткізілген уақыты-сағат 10:00-ден 12:00 дейін.

Тыңдаудың төрағасы

Хатшы:

Е.Ақпаев

Ж.Сарқытұлы.